

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шашпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

8/2017 ТАМЫЗ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразақынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұрселді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

М.ТЕМІРЖАНОВА.	Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы: дәстүр және жаңашылдық.....3
Р.ТҰРЫСБЕК.	Ел әдебиеті һәм рухани жаңғыру мұраты.....14
Г.ТӨЛЕГЕНОВА.	Қабдеш Жұмаділовтің қаламгерлік шеберлігі.....32
А.ТҮЛЕУГАЗИНА.	Білім беруді ақпараттандыру.....43
М.ҚАРАМЕНДИНА.	Қазақтың байырғы өлшемдерінің мақал-мәтелдердегі сипаты.....48
Қ.МЕНШІБАЕВА.	Үш тұғырлы тіл.....55
Ғ.ШӘРІБЖАНОВА.	Студенттерді мамандық бойынша қазақ тілді қарым-қатынасқа үйретудегі интерактивті әдістер.....71

Рухани жаңғыру

М.ӘБІЛҰЛЫ.	Қойтүбектегі жазу.....80
-------------------	--------------------------

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ж.САҒЫНОВА.	Рабғузи. Қиссалары.....86
Ә.САПАРОВА.	Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Қамар сұлу» романы92
Ұ.ЖҰПБОЛОВА.	Қожа Ахмет Йассауи хикметтері.....96
М.САНСЫЗБАЕВА.	Қалмақан Әбдіқадыров. «Қажымұқан» хикаяты.....99
Г.ТУРАЛИЕВА.	Ұлттың ұлы ұстазы.....101
М.ЕРМЕНТАЕВА.	Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы.....107
М.МҮСЛІМ.	Қабдеш Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады».....113

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

А.ТУРДАЛИЕВА.	Төл сөз бен төлеу сөздің айырмашылығы.....119
Ж.СЕНГЕРБЕКОВА.	Тұйық етістіктің емлесі.....125

Білім сынағында

З.МАТАН.	Қазақ әдебиеті пәнінен тест тапсырмалары129
-----------------	---

Ойын-ойдың өрісі

А.КШИМОВА, М.ТОҒАЙБАЕВА.	Ақыннан өлмес жыр қалған.....135
---	----------------------------------

Бір өлең-бір әлем

Ә.БИМЫРЗАЕВА.	Ақ орамал.....142
----------------------	-------------------

М.ТЕМІРЖАНОВА,
№25 ЖОМ.
Павлодар қаласы

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҒАШЫЛДЫҚ

Сұлтанмахмұт Торайғыров-аз жасап, көп іс тындырған халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі. Заманына лайық, ірі табиғатына сай Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің саналы саяси өмірін, шығармашылық қызметін:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,

Разымын, не көрсем де осы жолда.

Шаршармын, адасармын, шалдығармын,

Бірақ, бір табамын деп, көңілім сонда-

деп бастады. Өмір бойы осы сертін орындау жолында қызмет істеді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, өзіне, халқына өнер-білім, еркіндік, бақыт іздеді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің қысқа ғұмырында халқына мол әдеби мұра қалдырып кетті. Ол әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек еткен талантты қаламгер еді. Оның қаламынан жүзден астам өлең, бес-алты поэма, екі

роман, он шақты мақала туды.

Сұлтанмахмұт шығармаларының тақырыбы – өз заманының шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой-арманы. Ол өмір шындығын Абай үлгісінде бейнеледі. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады.

Оның лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қысқа өмірінде көптеген маңызды шығармалар жазғаны соншалық, ол ұлттық мәдениет тарихында құрметті орынға ие болды. Өмірлік жолында кездескен қиындықтарға төтеп беріп, Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің қайсар мінезін көрсетті. Ақынның өмірде ұстанған ұраны, оның білімге, ғылымға, өнерге деген талпынысы бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан емес.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетінің тарихында өшпестей із қалдырған Абайдан кейінгі қазақ ақыны, екінші ағартушы.

Ол қазақтың жазба әдебиетінде әр жанрда еңбек етіп, ерекше көзге түскен бірден-бір ақын. Сол уақытта жаңа, белгісіз жанрда өлең жазған ақынның әр түрлі шығармалары бар, атап айтсақ: екі роман, бес поэма, көптеген өлеңдер, мақалалар, очерктер және публицистикалық шығармалар.

Ол қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты, оның өлеңдері қазақ әдебиетінің асыл қазынасы енді, бірнеше ұрпақтың игілігіне айналды.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды.

Ақынның шығармашылығы еркін қоғам туралы асқақ арманға қанық. Оның болашаққа ұмтылған әдеби мұрасы өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм мен Отанға деген махаббатқа тәрбиелеудің адамзаттық мәніне ие.

*«Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам,
Қараңғылықтың көгіне
Күн болмағанда кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кірермін» -*

деп жырлаған ақынның шын мәнінде де, бүгінде қазақ аспанындағы рухани сәуле шашып тұратын ең жарық күндердің бірі болып мәңгілікке қалғанына ешкімнің де таласы жоқ екені анық.

Аз жасағанына қарамай ол қазақ поэзиясы мен прозасын жаңа сатыға көтеріп кетті. Реалист-ақын ХХ ғасырдың әдебиетінде жаңа жанрлар туғызды, роман жанрының, реалистік поэманың қалыптасуына әсер етті. Оның адам өмірінің мән-мағынасы жайлы “Адасқан өмір” поэмасы, ХХ ғ. басындағы қазақтың іріп-шіріген билеуші табының өскен, тәрбие алған ортасы, ескілікке қарсы үн көтерген “Қамар сұлу” шығармасы, жастарды асқақ қиял, зор талапқа бастайтын лирикасы – оны қазақ әдебиетіндегі демократтық әдебиеттің ірі өкілі етті.

Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің сипаты әр алуан. Оларда өмір тауқыметінен шаршаған ақынның қайғы-мұңы да, өкініш-наласы да, халықтың басындағы ауыр халге жүрегі сыздаған аяныш пен жанашырлық сезім де, болашаққа сенген, сол үшін күрескен азаматтық перзенттік

патриотизмі де бар. Бірақ ақын өлеңдеріндегі мұң-зар жігерсіз, жасық қайғы емес. Ақын алдағы өміріне зор үмітпен қарайды.

Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу» (1914), «Кім жазықты?» (1915) романдары қазақ әдебиетінің даму тарихынан елеулі орын алады. Көркем прозаның туу, қалыптасу кезеңінің бастауында дүниеге келген бұл романдарда өз заманының ащы шындығы бейнеленеді. Сол дәуірдегі әйелдердің бас бостандығы, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік мәселелері мен жаңа психология арасындағы тартысты, қоғамдағы адамдардың түсінік-танымындағы кереғар құбылыстарды бейнелеу арқылы Сұлтанмахмұт туған халқының болашағы туралы толғанады.

1914 жылы революцияға кейінгі кезеңнің ең үздік туындысы «Қамар сұлу» романы жарық көрді. «Қамар сұлу» романы қазақ әдебиетінде мәні зор туындылардың бірі.

Жазушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романын басшылыққа ала отырып басқа да ақын-жазушылардың шығармаларымен салыстыра отырып, кейіпкерлер портретін, мінез-қылығын сол сияқты тағы басқа қырынан ашуды жөн көріп отырмыз. С.Торайғыровтың осы тұста жазған алғашқы эпикалық туындысы «Қамар сұлудың» да негізгі тақырыбы. Бұл тұрғыдан оны әлеуметтік

роман есебінде қарауға әбден болады. Автор роман сюжетін қазақ әйелінің теңсіздіктегі күйін көрсетуге құрғанмен, сол оқиғаға байланысты бүкіл қазақ қоғамының тіршілігін, ұғым-нанымын терең бейнелейді, ескі ауылды құрт ауруындай жайлап есеңгіреткен, тоздырып бара жатқан әдет-ғұрыптың кертартпа жақтарын әшкерелейді.

Осыған жалғас жазылған «Кім жазықты?» романы да Сұлтанмахмұттың өз дәуірі туралы толғанысын тереңдете ашуға арналады. Сол негізде феодалдық-патриархалдық қоғамның күйреуін көрсетеді. 1916 жылы «Кім жазықты?» өлеңдер желісінде құралған романды жазумен өтеді. Мұнда ол қазақ қоғамы жайлы ойларын ел тағдырын ұстап тұрған белді адамдардың бейнесі арқылы көрсетеді, олардың өмір жолы, тәрбиесі, ісі, мінез-құлқы жан-жақты суреттеледі. Жасынан тәрбиесіз өскен бай баласы Әжібайдың жеке өмірі де, қоғамдық – болыстық қызметі де халық көңілінен шыға алмайды. Ол зорлық-зомбылықты, қара күшті жақтап, өзі тектес әлділермен байланыс жасап, іргесі шайқалған шаруасын реттеуге, ауылға кіре бастаған жаңалықтарды өршітпеуге, тіпті қуып шығуға күш салады. Жазушы Әжібайды жеке адам ғана емес, қазақ қоғамын салмағымен басып қорғап, жаңаруына бөгет болып отырған ауыртпалықтың жиынтық бейнесіне көтереді.

Бұл романдар – дәуірдің тарихи тақырыбын тап баса білген жаңашыл шығармалар. Әрине, ақын тарихшы емес. Ол тарихи оқиғаны түгендемейді. Мәселе – заманның рухын, дәуір сырын аңғартар моменттерді де дәл басып, оған тән белгілерді айқындауда. XX ғасырдың басындағы қазақ ауылы өмірін, ескішілдік жайлап тозып, іріп бара жатқан салт-сананың көріністерін энциклопедиялық суреттелген іргелі туындылар, ол көпті қинаған шындықты ашынып, батыл, ашық айтып, онымен күреске шықты. Бұл – Сұлтанмахмұт реализмінің ең бір биікке көтерілген тұсы. Мұның бәрі Сұлтанмахмұттың жаңа жол – «шындықтың аулын іздеуге» ұмтылуының заңдылығын көрсетеді.

Әр ақынның тағдыры әр түрлі жағдайда қалыптасады. Тұқымы топыраққа түсіп, оңай өнім беретін де, талмай ізденіп, қиыншылықпен алыса жүріп шындық жолын табатын да ақындар болады. Сөйте жүріп олар өз тағдырын өзі жасайды. Сұлтанмахмұт осы соңғы жолмен жүрген ақын. Ол өз өмірін өзі, өз өлеңімен жасады. Ақынның шығармашылық жолын қадағалай қарап, өлеңдерінің жазылу ізімен жүрсеңіз, бұған көзіңіз әбден жетеді. Сұлтанмахмұт көрген өмір азабы, жоқшылық, жас таланттың соған қарамай ізденіп шарқ ұру іздері – бәрі оның шығармаларында сайрап жатыр. Бұл жағынан оны өмірі мен тағдыры

өлеңінде өрілген ақын деп айтуға әбден болады.

Сұлтанмахмұт әлеуметтік-саяси лирикаға бір жақтылық сипат берді. «Тағдыр», «Айт», «Кедей», «Оқудағы мақсат не?» және т.б. өлеңдері қоғамдық тәртіпсіздікке қарсылығымен ерекшеленеді.

Сұлтанмахмұт өз елінің адал азаматы болды. Ол халықтың басындағы ауыр қасіретті терең түсінді. Зорлық пен зұлымдыққа қарсы айбынды үн көтерді. Ақын, әсіресе, рухани езудің тілсіз құрбандығы болған қазақ әйелінің ауыр тағдырын тебірене жырлады. Оның «Қамар сұлу» сияқты шығармалары ашынған жүректің қанымен жазылды. «Кедей» поэмасы қазақ еңбекшісінің ауыр халін, қазақ сахарасындағы езушілікті аяусыз әшкереледі. Кемеңгер ақын өз қоғамының барлық құбылысын көрсете білді. Оның шығармалары алған мәселесінің кеңдігі, тереңдігі жағынан Абай дәстүрін ілгері дамытты. Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі ең биік асқары. Ол қазақ өмірінің шындығын жырлаған нағыз ұлттық ақынымыз еді. Өзімен тұстас ақынның ешқайсысы да дәл Сұлтанмахмұттай поэзиясын жалпы халықтық дәрежеге көтере алған жоқ.

«Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларының негізгі сарыны қоғамдағы әділетсіздік себептерін ашу, теңдікті іздеу болып табылады. Ақын бұл жайларды қазақ ауылы шеңберінен шығып, капиталистік

қоғамға тән мәселелер ретінде қозғайды.

«Адасқан өмір» (1918) - Торайғыров шығармашылығының зор табысы. Мұнда ақын аз ғұмырында көзімен көріп, ойымен түйген, білім-білігімен таныған тұрмыс өткелдерін өзіне ғана тән асқақ үнмен ашына, ақтара жырлайды. Поэманың лирикалық кейіпкері түрлі кәсіппен шұғылданса да, ешбірінен қанағат, теңдік таппай, әділетті қоғамды аңсайды. Шығармада ақын түсінігіндегі болашақ жаңа қоғамның бейнесі жасалады. Шығарманың негізгі идеясы адам өмірді өз тілегіне бағындыра алады және соған ұмтылуға тиіс деген оптимистік қорытындыға саяды. Поэмада күрделі философиялық ой-толғамдар басым.

Ақынның «Адасқан өмір» пайымдауы бойынша жарық дүниеде себепсіз жарала салған, жоқтан бар болған ештеңе жоқ. Жалғанда қанша жан бар? Адам дейсің бе, маймыл дейсің бе? Әлде мал дейсің бе? Не ағаш, не шөп туралы әңгіме қозғап, сұрақ қойсаң да мейлің. Бәрі де белгілі бір себептің жемісі екені дау туғызбайды. Соншалық жан иелерінің ішінде адамның алатын орны бөлек. Табиғатта оның ми күші жетпеген құпия сырлар жылдан-жылға азайып барады. Дүниедегі бар нәрсені түрлі-түрлі түстерге енгізіп, себепті қолдан жасауға да адамның күші жетеді.

Бұл қазақ ақыны Сұлтанмахмұт ғана емес, жалпы

адамзат ұлы гуманистерінің арманы болғанын кім бекер дей алады? Адамзат қоғамының, елдер мен халықтардың тарихы олардың бастарынан кешірген үлкенді-кішілі оқиғалардың жай тізбегі емес, әділдік пен озбырлықтың, адалдық пен арамдықтың күрес тарихы. Озық ойлы, ақ ниетті адамдар жоғарыда Сұлтанмахмұт суреттегендей қоғамды аңсаған. Замандастарын сондай қоғам құруға жан сала шақырған. Бұл жолдың сайрап жатқан даңғыл жол болмағаны, ол жолға түскендердің көп қарсылықтарға кездесіп, көп адасқаны белгілі. Кезінде көп адамға дұрыс көрінген қоғамдық құрылыс, оның заңдары уақыт талабына жауап бере алмай мансұқ етілген де, басқа бір қоғамдық құрылыс, басқа бір заңдармен ауыстырылған. Өз заманын талмай таразылаған ғұламалар, саясаткерлер, қоғам қайраткерлері жаңа идеялар ұсынған. Олардың ой-пікірлері миллиондардың санасын билеп, әркімнің өз ойы, өз пікірі болып материалдық күшке айналған. Халықтың жаппай толқу, көтерілістері билеушілердің біреулерін лақтырып, олардың орындарына басқаларын отырғызған. Бір ғажабы, «бұл күнде адасудан көз ашпадым» деп Сұлтанмахмұт айтқандай, адамзат қоғамы қаншама көп ізденсе, соншама көп адасуды бастан кешірген. Сұлтанмахмұт поэзиясы - ақындық шеберліктің, ұлтжандылықтың,

азаматтықтың мектебі. Шынайы ақындарымыздың бәрі де мың бейнелі классиктердің ізбасарлары екені де даусыз. Қайталама басылымы қарымсыз әрі тым сирек, насихатталуы да мардымсыз, зерттелуі ауыз жарытпастай аз болса да Сұлтанмахмұт мұрасына деген халық құштарлығы қашанда биік! Жастай жабысқан дерт – сырқаттық, жоқшылық пен тапшылықтың қасіретінен діңкелеп жүрсе де, мойымай қыруар білім теріп, өнер ізденіп, өлең шындап, өзіне дейінгілер көтерілген өр асқарларға құлаш ұрып, қыз бұрымындай қысқа ғұмырында тыңнан сөз асылдарын жасап үлгеру - ерлік емес пе?!

Сұлтанмахмұт өз заманының рухын мейлінше кең көрсете білген классик ақын. Қазақтың классикалық поэзиясының ардақты өкілі. Біз ұлы ақынның есіміне бас иеміз. Осындай дана ақынымыз болғанына мақтанамыз.

Азамат ақын қазақ халқының бақытты, мәдениетті ел болуын өмірлік арман етіп еді. Сол үшін де, ол өзіне «қараңғылықтың көгіне күн болмағанда кім болам» деп өршіл мақсат қойған болатын. Халықтың ғазиз ұлының сол арманы қазір орындалды. Қазақ халқы мәдениетті, азат ел болды.

Сұлтанмахмұттан зор әдеби мұра қалды. Бұл халқымызға қалдырған ақынның аманаты. Сол мұраны қадірлей білуіміз, оның алтын нәрін ала білуіміз керек. Шығармалары халықтың рухани өміріне терең қабысқан ақын мұралары әрбір оқушыға қымбат, әрі сүйікті.

Р.ТҰРЫСБЕК,
ф.ғ.д., профессор.
Еуразия Ұлттық Университеті.
Астана қаласы

ЕЛ ӘДЕБИЕТІ ҒӘМ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МҰРАТЫ

Ел әдебиеті - ұлт руханиятының қайнары. Әдебиет-әдемі әлем: ел мұраты, арман-аңсарлары, даңқты тұлғалардың есею-өсу жолдары, әрекет-қимылдары, бәрі-баршасы кеңінен көрініс табады. Әдебиет әлемі, даму үрдістері, рухани жаңғыру мұраттары да анық-қанық аңғарылады. Ел дамуының үрдістерінен де әдебиет қозғалысы, көркемдік кеңістігі, эстетикалық құндылықтар көрінеді.

Ұлт тарихының арғы-бергі кезеңдеріне назар аударсақ, елдік мүдде, дәстүр-дін мұраты, діл мен тіл сабақтастығы, Отан мен отбасы байланысы, білім-ғылым жүйесі, таным арналары, татулық пен тұтастық, достық сырлары, тәлім-тәрбие иірімдері көңілді баурап, жанды жадырата түседі. Ел бірлігінің беріктігі, байтақ жеріміз бен тамырлы тарихымыздың өзіндік өзгешеліктері де жан-жүрегімізді тербеп, көңілді кернеп, мадақ сезімге бөлейтіні анық. Туған жердің - тұғыр, ел

бірлігі - мақтанш, Отан мен отбасының басты құндылық, дәстүр мен дін, тарих пен таным, тәлім-тәрбие – ұлт руханиятының алтын өзегі екені де бар қырынан жарқырай көрінетін тұсы да осы. Осы реттен келгенде, Елбасының: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ел бірлігі мен тарих тағылымын, ұлттық рух пен руханият арналарын, дәстүр өнегелерін, өмір ағынын, уақыт бедерін, даму үрдістерін негізге алады. Бүгін мен болашаққа барлау, талдаулар жасалады («Егемен Қазақстан», 2017, 12 сәуір).

Мақаланың «Кіріспе» бөлімінде Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғаны, оның басым бағыттары: саяси реформа мен экономикалық дамуы кең өріс алғаны көтеріңкі көңіл, мадақ сезіммен негізгі назарға алынады. Ел бірлігі, адам факторы, еңбек мәні, өмір ағыны, даму үрдістері кең өріс алады. Осының негізінде әлемдегі дамыған - 30 елдің қатарына қосылу басты мақсат етіледі. Мұның мәнісі, негізгі өзегі, атап айтқанда: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс». Демек, өмір мұраты айқын, еңбегіміз мәнді болумен бірге, бастысы сананың ашықтығы, зейінді зерденің басым бағыт алуы қажет-ақ. Бұл тұста, сөз жоқ өзіндік ұстанымымыз берік, бәсекеге қабілеттілік жоғары, болашаққа сеніммен

қадам басу-жеңіске жетудің жолы, нәтижеге қол жеткізудің басты көрсеткіштерінің бірі екені анық, Дәуір дидарына жіті қарап, замана сынына төтеп беріп, жаһандық үдерістерді негізгі назарға алып, осының негізінде озық дәстүрлерді алға шығарып, ұлттық-рухани арналардан нәр алу-болашақ бағдары, рухани жаңғырудың алтын арқауы, асыл өзегі болары шындық.

Ел дамуы мен тарихындағы жаңа кезең болып табылатын бұл тұста, сөз жоқ қоғамдық құбылыстарға мән беріп, замана шындығы мен уақыт тынысын терең сезінген жөн. Жасыратыны жоқ, дүние диданында, жер жаһан мен планета тынысында мазасыздық, тынышсыздық бары байқалады. Әлемдегі халықаралық терроризм жаһандық зұлматқа, қаһарлы сипатқа ие болуда. Бұған миллиондаған босқындар шоғырын, террорлық агрессия салдарынан жазықсыз адамдардың қырылуын, қалалардың қирауын, мәдени-тарихи ескерткіштердің жойылуын қоссақ, сөз жоқ толеранттылыққа бару, келісім мен диалог алаңын құру қажет-ақ. Осы тұста, әрине Елбасының «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесінің маңызы арта түседі. Терроризм мен экстремизмге қарсылық-адамзат алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Осы орайда, кеше мен бүгінге байыпты барлау-талдаулар жасап, келелі келешекке жіті

көз салып, уақыт бедеріне мән беру абзал. Ұлт пен ұрпақ қамы, отан мен отбасы сабақтастығы басым бағыттарға ие болғаны нұр. Ұлт мұраты мен ұрпақ алдындағы қарыз-парыз, бастысы адам факторы күн тәртібінен түспегені жөн. Тарихи жады айқындалып, рухани жаңғыру кең өріс алып, сананың ашықтығына даңғыл жол ашылғаны абзал. Асылы, ақыл-парасатқа жүгінген, сөз бен іс бірлігін сақтап, сана мен сапаны тең ұстап, талап пен талғамды таразы ету жеңіске бастап, нақты нәтижеге қол жеткізуге мол мүмкіндіктер береді. Кешеден бүгінге жеткен тәжірибе тәлімі, өмір тағылымдары мен уақыт бедерінің басым мәні, тағылымды нәрі де осы. Азаттық мұраты, бейбітшілік мәні де осыған саяды. «Мәңгілік Ел» жалпыхалықтық тұғырнамасының маңызы да осы. Қазақстан дамуының басты бағыты-Бейбітшілік, Бірлік және Тұрақтылық екенін ескерсек, жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздік баршамыз үшін де мәнді құбылыс.

Осы тұстарухани жаңғыру мәні айқындалып, оның мәнді қыры, нәрлі сипаты, өзекті өрісі - тәуелсіздік кезеңіндегі «Мәдени мұра» (2004), «Халық – тарих толқынында» (2013) атты бағдарламалар жүйесінен кең көлемде көрініс береді. Әсіресе, ондағы мәдени-тарихи ескерткіштер мен мұрағаттық материалдар жиынтығынан ұлтқа қатысты құжаттар, арғы

арналардан қазіргі кезеңге дейінгі жеткен ауызша, жазбаша дереккөздері, сирек қордан алынған көне жәдігерліктер топтамасы да молынан көрініс бергені айтылады. Осының негізінде Біртұтас ұлт болу, бұл бағыттағы бұқаралық сананың қалай өзгертіндігі туралы ақиқат жәйттер назарға алынып, әлемдік тәжірибе, даму үрдістеріне ден қойылып, маңызды жайттар мен толғаныстар ортаға салынады. Мақалада атап өтілгеніндей: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады». Демек, Біртұтас Ұлт болу - бұқаралық сананы өзгертіп, рухани жаңғыруға батыл қадам жасауға мол мүмкіндіктер береді. Бүгін мен болашаққа қатысты көзқарастар, бұқаралық сананы өзгертуге байланысты ұнамды сипаттар туралы ойлар мен толғаныстар да дәлелді дәлдік, нақтылы мәнімен жүйелі жеткізіледі. Маңыздысы, әрине болашаққа батыл бағдарлар жасалады. Бұқаралық сананы қалай өзгерту туралы батыл болжам, берік ұстаным, терең толғамдар ортаға салынады. Қазіргі кезеңнің шынайы шындығы ашылады.

«XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» алғашқы бөлімде жер жаһандағы, дүбірлі дүниедегі мазасыздық пен өзгерістерге көп көңіл бөлінеді.

Мұның әр қилы әсері мен көріністері дүниетаным иірімдері мен сана сезімімізге ықпал ететін, заман шындығы мен өмір ағымын терең сезіну арқылы өркениеттегі ерекшелікке мән беріп, жағымды жақтарын, ұнамды көрініс, үлгілі үрдістерді негізге алу қажеттілігі көрсетіледі. Негізгі ұстаным: «Жаңа тұрпатты жаңғыртудың ең басты шарты сол ұлттық кодыңды сақтай білу» екені анық-қанық көрсетіледі. Ұлттық кодтың мәні - ел бірлігі, дәстүр-дін өнегесі, мәдени – рухани арна, көркемдік кеңістігі, үйлесімді сабақтастық, халықтар достығы, татулық пен тұтастық, тамырлы тарих, жасампаздық жолға келіп саяды. Яғни ,ұлттық код мәні - ұлттық ұстаным саналатын: тарих, тіл, дін, діл, дәстүр тағылымы. Осыны сақтап, заманға сай жаңғыртып, дамыту. Бұл арғы арналардан бастау алатын халық тағылымы, көне кезеңнен тамыр тартқан салт-дәтүрлер өнегесінен сабақтастық алатындағы оңды көріністердің бірі ретінде әсер етеді. Ұлт пен ұрпақ қамы, отан мен отбасылық құндылықтар, ел бірлігі мен тұтастығы, руханият мәселелері бүгін мен болашақ тұрғысынан сөз етіледі. Бастысы, әрине дүние дидарындағы тынымсыз өзгерістер, әлем дамуындағы бұлыңғыр бағыт, бұралаң жолдар адам әлеміне, дүниетаным арналарына, сана-сезімге әсер етері анық. Оның үстіне бұрыннан бойымызға сіңіп қалған

таптаурын қағидалар мен кереғар қисындардан да арылу қиынның қиыны болса керек. Мұның мәнісі: «...Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» екені анық-қанық айтылады. Даңғаза дүниеден, жаңғырық шеңберден шығу кілті - ұлттық кодты сақтау. Озық дәстүрлерді жүйелі жаңғырту. Ұлттық-рухани тамырдан нәр алу. Кеше мен келешекті үйлесімді де қонымды сабақтастықта дамыту. Тамырлы тарихтың асыл арқауын негізге алып, ұлттық сананы, салт-дәстүрлерді даму үрдістерімен жүйелі байланыстырып, өрісті өркендеудің берік діңгегі ету - болашаққа бағдардың, рухани жаңғырудың басты тетігі, көпке ортақ белгілерінің бірі болып табылады. Бұл жәйттер бүгін мен болашақ төңірегінде кең өріс алады.

Ел дамуының жасампаз жолы, асыл арқауы - қоғамның, оның әрбір мүшесінің санасын жаңғырту болса, бұл мақсаттағы басым бағыттар қатарына: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы жатады. Атап айтқанда, бәсекеге қабілеттілік әрбір адамның ұнамды да ұтымды қыры; әрі саналы еңбек ресурстарын инновациялық факторларын айқындайды. Бұл

ретте, сөз жоқ, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени конфессиялық келісім» сияқты бағдарламалардың ұлт дамуына, ашықтық факторларын ұстанып, жасампаздық жолға қадам басуына, реализм мен прагматизм бағытын ұстануға, ұлттық болмыс пен рухты асқақтатуға, сана- сезімді кемелдендіруге мол мүмкіндіктер береді. Бастысы, әрине ұлттық код пен мәдениетті сақтап, жаңғырту негізінде даму үрдісіне кең өріс ашу мұрат етіледі. Мұның мысалына - Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары, Құрманғазының күйлерінің ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні ретінде сипат алуы, өткеннің өнегесі әрі рухани мәдениеттің жарқын көрініс, үлгісі ретінде еске алынады. Бұған қоса, әрине бәсекеге қабілеттілік танытып, саясат, экономика, мәдениет ісінде дамыған елдер қатарынан көріну мақсат етіледі. Анығында: «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады». Бұл тұста ұлттың табиғи байлығы емес, адамдардың бәсекеге қабілеттілігі, қазіргі кезеңдегі уақыт ұсынған талап-талғамға, маңызды қасиеттерге ие болуы маңызды фактор ретінде алға қойылады. Дамудың алғышарттары- компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сынды ұнамды сипаттар

төңірегінде кең өріс алады. Қазіргі кезеңдегі мәні, көрінісі айқындалады. Бұдан байқалатыны, ұлт мұратының асыл арқауы-руханият өзегі болса, ол ақыл-парасат, білім-ғылым, тәлім-тәрбие негізінде жүзеге асатыны анық. Өйткені: «Ақыл-Алланың сыйлығы, мың оқудың басы» (Ж.Баласағұн), «Ақыл-ой мен білім – әр адамның сәулеті» (Ә.Науаи). Міне, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм мәні, эволюциялық даму, сананың жаңғыруы осыдан көрініс береді. Бұл бағыттар жүйелі дамып, мақсатқа негізделсе, нәтижеге жетуге әбден болады.

Ұлт тарихы, бабаларымыздың өмір сүру салты, атамұра тағылымы, ел-жердің қадір-қасиеті, отан мен отбасы құндылықтары, тәлім-тәрбие арналары-прагматизмнің жарқын да шынайы үлгілерінің қатарына жатады. Асылы, реализм мен прагматизмнің нақты көрінісі-кеше мен келешекті табиғи сабақтап, арғы арналардан, бабалардан жеткен асыл арнаны, мұра-мирастарды, бойымыз бен қанымызға сіңген игілікті ізгілікті, жарқын да жасампаз қасиеттерді қайта түлетіп, дамыту кәделі де сауапты істер қатарына жатады. Бұл бағыттар ұлттық рухымызды жаңғыртып, асқақтата түседі. Ұлттық болмысымыздың асыл өзегі де, тарих пен таным, тәлім-тәрбие, салт-дәстүр, сана-сезімнің сырлы сипаты, көркем көкжиегі де осында екені анық.

Білім нұры, ғылым құндылықтары хақында айтылғанда, «Болашақ» бағдарламасы, алдыңғы қатарлы университеттер мен зияткерлік мектептер жүйесіне басымдық беріледі. Ел дамуы мен жетістікке жетудің жолы - білім жүйесінде екені анық-қанық айтылады. Білім мәні, ғылым нәрі, болашақ бастауы, жас ұрпақтың өмірлік негізін құрайды. Бұл бағыттағы білім стандарттары, оқу бағдарламалары мен оқулықтар сапасы – ел дамуы мен жаңғыруының кілті екені кең түрде көрсетіледі. Білім салтанаты, оның жалпыға ортақ белгі, сипаттары жан-жақты ашылады. Нәтижесінде: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген байлам жасалады. Ерен еңбек, іргелі ізденіс, өмірді өзгертуге қабілеттілік пен білімдар адамдар ғана жеңіске жетіп, толағай табыстарға кенелетіні әлемдік тәжірибе, елдік мүдде мен дүниетаным арналарына қатысты алуан мысал, деректер негізінде мәнді баяндалады.

Осы реттен келгенде, өмір ағыны, даму үрдісі – біліми-ғылыми арналарға басымдық беруде. Оқу мен оқыту ісі – ұлттық мұраттың асыл өзегі десек,

жаңашыл бағыттар, іргелі ізденістер, инновация мен технологияның қажеттілігі айқын аңғарылады. Байыпты бағдарлама, тәлімді тәжірибелер, ортақ мұрат жолындағы жаңашылдық пен жауапкершілік те қажет-ақ. Бұған академиялық еркіндікті, жаңартылған бағдарламаны, базалық оқулықтарды, жаңа әдістемелікті қоссақ, іргелі ізденіс, ізгілікті қадамдар кең өріс алады. Бұл жәйттер адами капитал сапасын арттырып, бәсекеге қабілеттілікті күшейтеді. Әлемдік үдеріс сипатын сезініп, рухани жаңғыруды қажет етеді. Біліми-ғылыми арналарға жаңа бағыт, соны сипат береді. Бұл мәнді, өзекті мәселелердің бірі.

Тарих пен таным арналары, революциялар дәуірі мен даму үрдістері қатар аталып, өзіндік өзгешеліктері айқындалады. Өткеннің өнегесіне, тағылымды тұстарына мән беріледі. Революциялық қоғамның табиғаты мен тағылымы байыпты зерделенеді. Ұлт тарихы, дәстүр-дін өнегесі, отан мен отбасы құндылықтары, біліми-ғылыми арналар, руханият өрнектері, тәлім-тәрбие өзегі де басты өлшем етіледі. Болашақ бағдары, рухани жаңғыру өзегі – ұлттық бірегейлік ұстанымына, елдік мұрат-мүддеге сай өріс алады.

Әлемнің қарқынды дамуы, жаһандық өзгерістерге сай әрекет-қимыл ету-сананың ашықтығына, зерденің ерекшелігіне байланысты

көрсетіледі. Ол, негізінен жаңа технологиялар нәтижесінде өзгерістерге сай болу, өзге елдің жетістік – тәжірибесін, тиімділігін пайдалану болып табылады. Ашық зерде, даму үрдісі табыс көзінің асыл арқауы жаһандық әлемге еркін ену, қоғамдағы орнықты айтқандауға келіп саяды. Асылы, ел бірлігі мен дамуының қайнар көзі-бәсекеге қабілеттілікті арттырып, руханият арналарын (әдебиет, мәдениет, тарих, тіл, дін, діл, дәстүр т.б) жүйелі дамытып, жаңғырту екені кеңінен қозғалады. Бұл ретте Жазушылар одағы, Ғылым академиясы, барша зиялы қауым өкілдері бірігіп, бірлесіп ел дамуына, тәуелсіздік идеясына қызмет ету жайы сөз етіледі. Жаңа уақыт, тарихи кезең, әлемдік кеңістік мәні – болашақ бағдары, рухани жаңғыру аясында байыпты баяндалып, талдау жасалады.

Ал, адам факторы, бәсекеге қабілеттілік қағидасы-сананың ашықтығы мәселесімен табиғи байланыста беріледі. Ол, әсіресе ана тілі, шет тілдерін жаппай һәм жедел оқып-үйрену бағыттарынан байқалады. Бұл ретте Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам басым бөлігі пайдаланатын-неміс, француз, испан, итальян тілдерінің мәні, ағылшын тіліне деген құштарлық пен сүйіспеншілік сыры кең түрде ашылады. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігімен байланыстырылып, табыс кілтіннің

сыр-сипаттары айқындалады. Жаңа технология ағыны, адами қатнас, өмір салты, ішкі-сыртқы әсерлер сипаты, басқа да кезеңдік өзгерістер мен уақыт бедерінің мәні ашылады.

Ел дамуының жарқын көрінісі – рухани жаңғырудан танылса, алдағы жылдардағы нақты жобалар қатарында: бастапқы кезекте латын әліпбиіне көшіру ісі тұр. Әліпби мәселесінің маңызы, арғы-бергі кезеңдердегі тарихы, нақты кестесі, терең логикасы, стандарттық нұсқасы, оқып-үйрену жайы бүгінгі қажеттілік тұрғысынан кең түрде көрсетіледі. Ұлт тілінің арғы-бергі кезеңдердегі даму үрдістері, атап айтқанда көне түркілердің руникалық жазуы, Араб әліпбиінің қолданылуы, Қазақ жазуының латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізінде жаңа әліпбиге көшу жолдары тарихи Іәм саяси себептермен сабақтастықта сөз етіледі. Ал, алдағы уақытта барлық салаларда латын әліпбиіне көшу жайы, оның логикалық қисындары, жаңа заманғы технологиялық мәні, біліми-ғылыми арналары нақтылы көрсетіледі. Қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірінғай стандартты нұсқасы, оқулық дайындау мен әдістемелік жұмыстар жайы, оны оқып-үйрету ісіндегі мамандар орны да маңызды сипат алады. Тегінде, қазақ жазуы, әліпби мәні арғы арналардан-ақ ұлт руханиятының алтын

арқауына айналғаны анық. Қысқа қайырсақ, Қазақ білімпаздарының алғашқы құрылтайы (Орынбор, 1924), Бірінші Дүниежүзілік түркология съезі (Баку, 1926), бұдан басқа Қазақстан деңгейіндегі – «Жаңа алфавит қоғамы», алғашқы өлкелік конференциялар, Алаш арыстарының жазу тәртібі, емле жөніндегі қызу айтыс, алуан көзқарас, пікірталастары, сөз жоқ жазу-адамзаттық құндылық, жаңару мен жаңғыру көрінісі, өркениет белгісі екенін терең танытады. Демек, әліпби – ұлт жаны, руханият өзегі екені ақиқат.

Бұл бағыттарды жүзеге асыру үшін қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа – оқулық жобасы» қолға алынады. Білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі – 100 таңдаулы оқулықтың заманауи үлгілері тілдерден аударылады. Осының негізінде – Ұлттық аударма бюросы құралатын болады. Бұл білім саласындағы жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттырады. Сананы жаңғыртудың негізгі қағидаттарын айқындайды. Аудармашы мамандарын даярлауға, оқу- әдәстемелік құралдар шығаруға, авторлық құқықты нақтылауға мол мүмкіндіктер береді. Бұдан байқалатыны, ұлт пен ұрпақ, отан мен отбасы, білім мен ғылым, тарих пен таным, дәстүр мен дін, діл мен тіл, т.б. бір бағыт, ортақ мұраттарға бағыттап,

келешек негізі, рухани даму арналары ретінде тану-ел бірлігі мен руханият мәні екені, жаңғыру жолын құрайтын қайнарлар ретінде аталады. Бастысы, бұл бағыттар жаңа сапалық деңгейде білім беруге, осы салады жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттырып, жаңашыл мамандар дайындау ісіне кең жол ашады. Біліми-ғылыми арналарға, оқу мен оқыту ісіне, бағдарламалар жүйесіне жіті ден қойылады. Болашақ бағдары, сананы жаңғыртудың тиімді жолы мен негізгі қағидаларының бірі осы.

«Туған жер» бағдарламасы ел –жерге, отанға сүйіспеншілік, патриотизм рухы тұрғысынан сөз етіледі. Оның мәні – «Туған жерге туынды тік» деген халықтық қағидалармен, өскен өлке, мәңгілік мекенмен тығыз байланыста өріс алады. Ұлттың мәдени – генетикалық коды, патриотизм өзегі, рухани дәстүр мен мәдени туризм негізі, заманауи мәдениет мәйегі әлемдік кеңістікте кең орын алады. Арғы – бергі тарихтағы еңселі ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру, ел әдебиетінің нұсқалары, аңыз - әңгімелер желісі, атақты адамдардың есімі мен еңбегі, бүгінгі таңдағы кәсіпкерлер, шенеуніктер, зиялы қауым өкілдерін қолдау арқылы жас ұрпаққа патриотизм рухын оятуға әсер – ықпал етеді. Елге қызмет етудің мәні мен жолы, оны бағалау мен құрмет көрсетудің үздік үлгілері ортаға салынады.

Осы бағытта жалпы ұлттық қасиеттерді қалыптастыруға негізделген: «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының қажеттілігі айтылады. Осының негізінде руханият ісін дұрыс жолға қойып, абаттандыру мен өлкетану бағытын айқындап, тарихи ескеркіштер мен мәдени нысандарды жаңғыртып, ұлттық патриотизмді арттырып, ел-жерге құрметіміз бен сенімімізді білдіруге болатыны нақтылы көрсетіледі. Елдік мұрат-мүдде алға шығып, отаншылдық рух, ұлтқа қызмет ету, оны бағалау мен құрмет көрсету жайы сөз болады.

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында әлемге танылудың алғы шарттары айқындалады. Ел дамуының жасампаздық шежіресі, ұлттық мәдениеттің озық үлгі-нұсқалары, тәуелсіздік жылнамасы кең көлемде көрініс табады. Ұлттық болмыс, салт-дәстүрді берік сақтап, бәсекеге қабілеттілікті арттырып, елдік тұтастықты сақтауға, дамуға негіз екені жүйелі сөз болады. Бұл ақиқат, реализм әрі прагматизм мәнін танытады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы - Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін, белгілі адамдардың өмірі мен өнегесін, еңбегімен елге танымал замандастарымыздың жүріп өткен

жолын қоғамға таныту ісі кең көлемде қозғалады. Негізінен, ел бірлігі мен мұратына, ұлт тәуелсіздігіне білімі мен еңбегін арнаған танымал тұлғаларды құрметтеу - бұл, жаңашыл бастама әрі ел дамуына рухани жаңғыру ісіне мол мүмкіндіктер береді. Бұл тұста, кеше мен келешек хақында байыпты бағалау, саралаулар жасалады. Жаһандық даму үдерістері назарға алынып, ұлттық бірегейлікті берік қолға алып, бар мен жоқты түгендеп, ел бірлігі мен рухты асқақтату жайы қозғалады. Әр қазақтың жүрегіне отан мен отбасы құндылықтарын, ұлт пен ұрпақ қамын, тарих пен таным арналарын, дәстүрдің мәнін, діл мен тіл мүмкіндіктерін кеңінен байытып, рухани жаңғыру қажеттілігін сезінуге әбден болады. Қазіргі кезеңнің даму үрдістері, оның реализмі мен прагматизм құндылығы осы.

Жаһандық үрдіс, заман ағымы, өмір ағынына қатысты даму бағыттарынан уақыт ұсынған қағидаттарға қабілеттілік таныту - басты ұстанымдардың бірі. Жүрдек уақыт жаңғыртуды талап етеді. Жаңа мүмкіндіктерге өріс ашуда. «Өмір сүру үшін өзгере білу керек». Бұл – бүгінгі сөз, болашақ ұраны. Даму мен жаңғыртудың басты бағыты, қайнар көзі.

Ақиқатында, аталмыш мақаланың соңғы бөлігінде айтылғанындай: «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек... Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді

күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін үдеріс... Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс-біздің дамуымыздың ең басты қағидасы». Өмір мұраты, даму үрдісінің мәні мен маңызы да осында.

Ендеше, ел бірлігі мен қуатын арттырып, бәсекеге қабілеттілікті күшейтіп, ұлт руханиятының негізі – гуманитарлық бағытқа басымдық беру даму үдерісіне соны серпін, өзгеше сипат, нақты нәтижеге қол жеткізуге мол мүмкіндіктер берері хақ. Өйткені, ұлт руханияты - ел дамуының қайнар көзі, құндылықтар жиынтығы, болашақ бағдарының басты негізі. Рухани жаңғырудың басты бағыты, түпкі мәні, шынайы сыры осы. Ал, айрықша атап өтер жайт: Елбасы мақаласы-ұлт дамуының жаңа деңгейін, бәсекеге қабілеттіліктің ішкі-сыртқы мүмкіндіктерін ашты. Ел мұратын, мәдени-рухани арналарын айқындады. Әлемдегі дамыған елдердің қатарынан көрінетін басым бағыттардың барын батыл да ашық айтты. Бастысы, Елдің сөзі айтылды. Көптің ойына қозғау салды. Ұлт мұраты айқындалды. Ел өмірінде, мәдени-рухани арналарда, санада сілкініс бары анық-қанық байқалды. Қоғам дұрыс қабылдады. Алыс-жақынның тілегі тоғысты. Көңілдегі қуыныш та осы.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаланың елдік мәні, қоғамдық - әлеуметтік сипаты, тарихи-мәдени һәм рухани арналары, шынайы шындығы да осында болып табылады.

**Г.ТӨЛЕГЕНОВА,
Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік
университеті.
Ақтөбе қаласы**

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТІҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт аралығында қазақ прозасы дамудың жаңа белесіне көтерілді. Оған дәлел, қазақ жазушылары кеңестік дәуірде еркін бара алмаған, кең қозғай алмаған тақырыптарға қайта үңілуге мүмкіндік алды. Сондықтан да, тәуелсіздік тұсында оған дейін бір жақты бағаланған қазақ тарихы туралы шығармалар молынан жазылды.

XX ғасырдың 70-80-жылдарындағы І.Есенберлин, С.Сматаев, Ә.Кекілбаевтардың тарихи романдарының қатарына Ж.Ахмади «Дүрбелең» (1990), «Шырғалаң» (1997), «Есенгелді би» (2004), «Жарылғап би» (2008), «Айтұмар» (2009), Қ.Исабаевтың «Серт» (1991), «Шоң би» (1993), Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» роман – дилогиясы (1994,1996), Б.Мұқайдың «Өмірзая» (1998), Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» (1999),

С.Сматаевтың «Елім-ай» (үшінші кітап, 2003), «Жарылғап батыр» сынды жаңа шығармалармен толықты.

Жазушылардың аталған романдарында түркі халықтарының ежелгі дәуірінен бастап, әр кезеңдегі тарихи оқиғалар төңірегіндегі қазақ тарихының көркем суреттері жасалды.

Жазушылардың қаламгерлік шеберлігін талдау тұрғысынан келгенде, Қ.Жұмаділовтің орны ерекше. Себебі, кеңес өкіметі тұсында жазушы шығармашылығы жекелеген мақалаларда ғана айтылғаны болмаса, арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Тек тәуелсіздік таңымен бірге ұлттық эстетика мен мәдениетіміздің барлық саласында қалыптасқан түбірлерді қайта қарау – жазушы туындыларын талдаудың аясын кеңейте түсті.

Қ.Жұмаділовті өзге жазушылардан ерекшелендіріп көрсететін белгісі, ең алдымен, қаламгердің шекараның арғы беті мен бергі бетіндегі қоғамның басты оқиғасын ең бірінші болып, мемлекеттердің даму мәдениеті аясында қарастыра алуы, өткенге сұрау салуы бұрынғыдан батылдырақ, ауқымдырақ.

Қ.Жұмаділовтің ең басты ұтымды тұсы, жазушының екі ел арасындағы оқиғаның желісін, жер-су атауларын, салт-дәстүрін нақты білуінде.

Себебі, Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы 24 сәуірде Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағы, Малдыбай ауылында дүниеге келген.

Қ.Жұмаділов 1960-1990 жылдар аралығындағы тарихи романдар қатарына ғана емес, тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта да қазақ прозасына айтарлықтай олжа қосып келеді. Оның қаламынан өлеңдерін қоспағанда, 10 роман, 12 повесть – хикаят, 50-ге тарта әңгіме, 100-ге тарта мақала туған.

Жазушының тақырып таңдаудағы талғамы, өзіндік көзқарасы, таным-түсінігі, ең алдымен, оның шығармаға өзек болатын оқиғаның моноэтникалық сипатын әбден зерделеп, жетілдірмейінше қолына қалам алмайтындығы, талғампаздық пен табанды ізденістің нәтижесінде, қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақ беттердің толығы, екіншіден, жазушы туындыларына тән сипат – сюжеттік-композициялық үйлесімділігінде.

Сондықтан, Қ.Жұмаділов шығармалары тарихи құжаттарды тізбелеу емес, қазақ тарихының алмағайып кезеңдерінің сәтті жазылған көркем шежіресі деуге негіз бар. Мысалы, екі томдық «Дарабоз» романында XVIII ғасыр яғни Ш.Уәлиханов «қаһармандық дәуір» деп атаған кезеңнің бұрын сөз болмаған шындығы,

бас кейіпкер - Қабанбай батыр образы арқылы анықталса, «Прометей алауы» атты романында жоңғар шапқыншылығынан кейін дағдарысқа түскен дін уағыздаушыларының қайраткерлік жолы Ақтайлақ би арқылы сомдалады. «Тағдыр» романында Шыңжан өлкесіндегі (Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтары) қазақтардың ежелгі атамекеніне қоныстану тарихы Қытайдағы екі мың жылдан аса уақыт өмір сүрген монархиялық патшалық өкіметтің 1911 жылға дейінгі тарихи жағдайларымен байланысты күрескер тұлға Демежан арқылы өрбісе, «Соңғы көш» романында 1911 жылдан кейінгі қазақтың тәуелсіздік жолындағы алашшыл идеясы негізге алынады. Кейінгі жылдары жазылған «Тұл дүние», «Тозақ оты», «Найман-Ана ескерткіші», «Абылайдың ақырғы батыры» атты тарихи хикаяттарында да қамтылатын оқиғалар қазақ әдебиетінің ақтаңдақ беттерін толықтыруға көркемдік қызмет атқарып тұрғандығын атап өтуге болады.

Шығармаларында қамтылатын заман шындығы көп жағдайда Қытайдағы қазақтар тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан да жазушы шығармаларындағы қазақтар мол шоғырланған Шыңжаң аймағындағы жергілікті халықтың қай кезде болмасын, Цин династиясы үстемдік еткен

кезде де, Миньго өкіметі тұсында жүргізілген аяусыз астамшылықтарға ұшырауы – тарихи шындық.

Ең үлкен жетістіктерінің бірі – өткеннің оқиғаларын, фактілерін іріктегенде тарихи шындықтың бүгінгі ел, ұлт мүддесімен сабақтасатын, еліміздің болашағына қызмет ететін қыр-сырына көңіл бөлетіні. Мұны қазақтың ежелгі болмысын, қанына сіңген дағдысын, табиғи түйсігі мен ойлау қабілетін сақтай отырып, елінің ұлттық сезімін сақтап қалуға күш салуы дейміз.

Үлкен тарихи бұрмалау - белгілі бір дәуірдің рухы тұманды жолға түскенде ғана болатын трагедия қазақ әдебиетінің тарихында жеткілікті екені жасырын емес. «Тарих - қайталауды сүйеді» дейді халық нақылы. Халықтың елдігін, ерлігін, ездiгiн сынайтын талқыны қазақ қауымы қадымша жыл қайырудан бергi дәуiрден үш рет басынан кештi.

Бірақ жазушыға жеме-жемге келгенде, осындай ірі романдарды жазу оңай шаруа болмай шығады. Ол туралы жазушы ғұмырнамасында былай деп жазады. *«Тарихи шығарма жазған екенсің ондағы деректерге ешкім дау айтып, күмән келтірмеуі керек. Маған Демежанның ел ішіндегі өмірі басқа күндес ағайындармен, алпауыт халдайлармен*

тартысы бала жастан қанық болғанымен, сол кездегі Маңшың хандығының ішкі-сыртқы жағдайда, орыс – қытай қарым-қатынасы, шекара бөлінісінің жәй жансыры толық емес еді. Бәрі жылдай уақыттың қосымша дайындыққа кетті».

Шынындада, жазушы архивтерді ақтарып, тарихи зерттеулерге үңіліп, Маңшың династиясының үш ғасырлық шежіресін бастан-аяқ сүзіп шыққан.

Әсіресе, жазушы соңғы жесір патшайым тұсындағы сарай төңкерістерін, оның Шыңжанға дүмпуін түгел көзден кешірген. Шекара бөлісудің құжаттары: 1861 жылғы Бежін келісімі, 1894 жылы Шәуешек хаттамасы да назардан тыс қалған жоқ. Ұзақ ізденістерден кейін Шәуешекте тұрған орыс консулдары, Тарбағатай аймағын билеген амбылар мен халдайлар, шекара бөлінісінен кейін ел ішінде өткен алғашқы сайлау, қазақтан шыққан үкірдайлар жайлы мәліметтер жазушы алақанында тұрды. Осындай дайындықтан кейін жазушы 1985 жылдың күзінде шығармашылық үйіне барып, бір екі үзілісті жазып шығады. Осы мерзім ішінде 36 баспа табақ, яғни мәшінкімен басқанда 900 бетке жуық «Тағдыр» романын аяқтап шығады. Жалпы, жазушы шығармаларының ішінде өз бабымен қапысыз жазылған осы «Тағдыр» романы екен.

Қабдеш Жұмаділов: *«Менің өзге жазушылардан бір ерекшелігім, өз оқырмандарымды біртіндеп өзім дайындауға тура келді. Бұрын Қытайда қазақ барын, онда өзгеше өмір қалыптасқанын біле бермейтін қатаң жұртышылық бұл күнде «Соңғы көш» романы арқылы біраз сауаттанып қалған. Оқырман ғана емес, баспа мен цензураның бойы үйрене бастаған сияқты еді. Соған қарамастан «Жазушы» баспасы сақтық жасап, «Тағдырдың» бір данасын Орталық бір комитетке, екіншісін шекара әскерінің бас штабына жіберіпті» - деп жазады. Штабтан көп ұзамай жауап хат алады. Әйтеуір, абырой болғанда әскери маман Әбуталип Ахметов деген азамат арнайы пікір жазып, романдағы шекараға қатысты оқиғалардың дәлдігіне кепілдік береді. Ал, Орталық комитет сектор меңгерушісі Төлен Әбдіковтен дәлелді рецензия келген соң, 1989 жылы «Тағдырдың» басқа бөлімдері «Жұлдыз» журналының 4-5-сандарына жарияланады. Толық нұсқасы сол жылдың күзінде жеке кітап болып шығады. Романның орталық кейіпкері – Демежан арқылы жазушы – сол уақыттың тынысымен демалдырады. Роман ХІХ ғасырдың соңы (дәлірек айтқанда 1884 жыл) мен ХХ ғасырдың басындағы Қытайдағы қазақтардың өмір, тіршілігі баян*

етіледі.

Әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеуқенов «Тағдыр» романы жайында: «Тағдыр» – ұлт жанды қаһарманды биік өреге көтерген роман. Ол – қазақ әдебиетінің өз қойнауынан шыққан туынды. Басқа тілдерге аударылғанда ғана бағы ашылатын кейбір шығармалардай, батыс я Латын Америкасы роман үлгісі пішілмеген. «Тағдырды» оқып отырғанда қазақтың кең даласына сүңгіп кеткендей рахат кешесің» деп атап көрсеткен болатын. «Тағдыр» романы тек белгілі бір кейіпкерлер тағдыры суреттеумен шектелетін дүние емес. Мойнына қашанда қасірет қамыты киіліп жүретін қазақ халқының қасіретті, тақсіретті тағдыры жайында трагедиялық әфсана.

Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдың желтоқсан айына дейін «Соңғы көш» дилогиясы тақырыбы тұрғысынан дара туынды болды. Қытайдағы қазақтар «Тағдыр» романында сөз болатын патшалық Цин өкіметі тұсында да азапты аз көрмеді. Солай бола тұрса да, Шығыс Түркістан халқының романдағы қамтылған кезеңдегі тартқан жәбір – жапасы бұрын көріп жүрген әділетсіздіктердің бәрінен де асып түсті. Мұны қазіргі жарық көріп жатқан тарихи зерттеу еңбектер де айғақтайды. Сондықтан да, Қ.Жұмаділов роман желісін халық

трагедиясының ең шарықтау шегі, яғни Шығыс Түркістан республикасы сахнадан кетіп, Қытайдағы жаңа өкімет армиясының Тарбағатай аймағына кіруінен бастайды да, алпысыншы жылдардағы ел басына төнген зобалаңмен аяқтайды.

Сонымен бірге, бұл кездегі оқиғалардың көпшілігі қаламгерге жақсы таныс әрі шығармадағы Қанағат ауылы – жазушының өз ауылы, ақын жігіт Естай жазушының өз прототипі болса, басқа да Шығыс Түркістан республикасын көзімен көрген, оның азаттығы жолында күрескен тағдырлас тірі куәлар – өзінің күнделікті көріп жүрген араласқан адамдары. Сондықтан да тарихи романға қойылатын жоғары талап «Соңғы көш» романында да айнақатесіз орындалған.

«Соңғы кеш» деген сөздің қат-қабат мағынасы бар. Ең алдымен, бұған «көштің соңы» немесе бір отбасының ғана көші деп қарамау керек. Жазушы бұрын ешкім қозғамаған бұл сөзді өз өміріне тікелей қатысты болғандықтан да алған сыңайлы. Автор сөзімен айтсақ: «Оны тек 1962 жылғы көш деп ұғынбау керек. Мыңдаған жылға созылған қазақтың көшпелі өмірі ХХ ғасырдың ортасына дейін Шыңжаңда ғана сақталғаны жұртшылыққа белгілі. Бір сөзбен айтқанда, сол көшпенділердің соңын, өзім куәсі болған, сарқытын ішкен өмірдің

ең соңғы суреттерін қағазға айнытпай түсіруім қажет болды. Біртіндеп тарих сахнасынан кетіп бара жатқан, енді ешуақытта қайталанбайтын, тұтас бір дәуір, неше алуан характерлер тұрды көз алдымда. Көшпенділердің ең соңғы байы, ең соңғы биі, ең соңғы батыры, ең соңғы ару қыздары... Көркем әдебиеттің басты бір мақсаты – уақытты «кідірту», өмір көріністерін қағаз бетіне мәңгі қалдыру ғой. Біз «Соңғы көште» хал-қадарымызша осы мақсатты орындауға күш салдық», – дейді.

Осылайша шетелдегі қазақтар өмірінен жазылған Қ.Жұмаділов «Соңғы көш» романы арқылы қазақ әдебиеті тарихының ақтаңдақ беттері толықтырылып, ауызға тұмылдырық салынған тұстағы тарихи шындық қажеттілікке айналды.

Қ.Жұмаділов: *«Кейде болашақ шығарманың материалын үздіксіз ізденіс үстінде, құм арасынан кебек елегендей өмірді зерттеп жүріп табатын болсаң, енді бірде тағдырдың асау толқыны сені өзімен бірге дөңгелетіп алып кетеді де, бастан кешкен, өзің тірі куәсі болған сан алуан оқиғалар тыным таптырмай қолына еріксіз қалам ұстатады. Азды-көпті шығармашылық тәжірибемде менің басымнан осы екі жайдың екеуі де өтті. «Көкейкесті», «Атамекен» романдары бүгінгі заманға арналған әңгіме-повестерде*

өмір материалдарын сұрыптай, зерттей жүре тақырыпты өзім іздеп тапсам, «Соңғы көш» дилогиясын менің пешенеме тағдырдың өзі әкеліп таңды деуге болады» деп жазады.

Елбасы: «Қазақстан жолы – 2050: бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – түркілердің Мәңгілік Ел идеясын Қазақстан елінің ұлттық идеясы деп жариялаған болатын. Қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сан ғасырдан бері ата-бабаларымыз біз бүгіндері айтып отырған Мәңгілік ел үшін күрескеніне көзіміз жетеді. Соның нәтижесінде қазіргі қазақ әдебиеті бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін күрескен хандар мен батырлардың, билер мен шешендердің, ақындар мен қоғам қайраткерлерінің көркем бейнесімен толықты. Еліміздің мәңгілік болуы жолында мәдениетпен бірге әдебиеттің басты қызмет атқаратыны айтпаса да түсінікті. Осы тұста жазушы Қабдеш Жұмаділов шеберлігі екі мемлекет арасындағы тарихи оқиғаны бір кезде қазақ халқының басына түскен ауыр қайғы арқылы кіндік кескен жерден үдере көшуімен көрсетсе, бүгінде олардың туған жерге жаппай көшіп келіп жатуы туған жерге деген сүйіспеншілігін ашуға қызмет етеді.

А.ТУЛЕУГАЗИНА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ

Білім беруді ақпараттандыру – жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны, яғни компьютерді оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Ақпараттық-коммуникативтік технология ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық – коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай

жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық – коммуникативтік технология құралдары оқушыларға жаңа ақпарат көздеріне жол ашады, жеке жұмыс пен білім алудың нәтижелілігін, тиімділігін көтереді, кәсіби дағдыларды қабылдау және бекіту үшін мүмкіндіктер береді, қашықтықтан оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндіктер ұсынады.

Ақпараттық-коммуникативтік технология – оқытушы жұмыстарының әдістері мен ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқушылардың жеке қабілеттілігін дамытуға, оқудағы пәнаралық байланысты күшейтуге, оқу үрдісін ұйымдастыруды үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз — білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі болып табылады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қазақ тілі сабақтарына енгізу жаңа бағыттағы мақсаттар қойылды:

Қазақ тілі пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру

Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;

Инновациялық әдістерді пайдалану, құралдар жасау. Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Іс-тәжірибеде ақпараттық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі іс-шараларды қолданудың маңызы зор екенін байқадық. Оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту үрдісіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану. Оқытудың жаңа әдістері мен түрлерін (проблемалық, ұйымдастырушылық іс-әрекетін компьютерлік ойындар және т.б.) сабақта жиі қолдану. Проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру. Жаңа ақпараттық технология құралдарын пайдалану арқылы оқу үдерісінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру. Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу үрдісіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үрдісін ұйымдастыру болып табылады. Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен білім алушы мен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-

қатынас жасауды дамытуды ұсынады. Интерактив бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлеушінің басым болуы жағдайын болдырмайды. Сұхбаттасып оқыту барысында оқушылар сыни ойлауды, тиісті ақпарат пен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешімдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды.

Әр оқытушы сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Интерактивті тақта — топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл оқытушы жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Оқытушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада

оқытушылармен жаңа материалдарды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де интерактивті тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексере де алады. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысу. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеу. Ол үшін оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдерін сабақта қолдану. Олар: жеке шығармашылық тапсырмалар.

Тірек-сызба, көрнекіліктер және анықтама құралдары.

Ойын арқылы оқыту. Сөзжұмбақ, бейнесөздер.

Логикалық тапсырмалар мен деңгейлік жаттығулар. Тестілеу және бақылау.

Интерактивті оқыту моделін пайдалану-өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу үдерісінің қандай да бір қатысушысын немесе идеяны ерекшелеуді шектейді.

ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫРҒЫ ӨЛШЕМДЕРІНІҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ СИПАТЫ

Қазақ халқы ай аттарына, жыл мезгілдеріне, тәулік мезгілдеріне, т.б. табиғат құбылыстарына қатысты өмір тіршілігінен туындаған мақал-мәтелдерін қалыптастырған. Мысалы, табиғат құбылыстарының айналып келіп отыруын – күн мен түннің, жыл мезгілдерінің, ай жаңалануының алмасып отыруын мұқият бақылап, есептеп ұғынудың қазақ халқының шаруашылық өмірі үшін орасан зор тәжірибелік маңызы болған [1.50]. Осыдан, «Ай шалқасынан туса, ай бойы аяз». «Ай арасы-толас» дейді немесе шаруашылық маусымдарын Үркердің тууы мен батуына сәйкестендірген халқымыз «Үркерлі айдың бәрі қыс», «Үркер туса сорпа ас болады», «Үркер мен Ай ауыл-үй қонысты, Үркер мен Ай тоғысты» дейді қазақ. Осындағы тоғыс, тоғам – Ай орағының не табағының Үркерді «басып өтуі». Ол үш күнге созылады. Бірінші күн – «тоғам», екінші күн – «Ауыл үй қонғаны», үшінші күн – «өріп шыққан». Ай мен Үркер жылына он үш рет кездеседі, демек

бір жылда он үш тоғыс айы болады. Қазақ халқы Үркер жұлдызын аса қасиет тұтқан, қариялардың айтуы бойынша: «Үркер – жұлдыздардың ағасы» [2.260]. Аңыз бойынша, Оғыз ханға соғысқа мінер атын және жабдықтарын тиейтін арбаны Қаңлы деген кісі жасап берген екен. Оғыз хан Үркер жұлдызының персонификацияланған эквиваленті болып табылады. Сол Оғыз хан – Үркер өзінің арбасымен (өгіз арба) аспанда бірнеше жылдар бойы сапар шегеді. Ай мен Үркер тоғысқанда жаңа жыл – наурыз туады. Ай қояндай кішірейіп болғанда, онымен Оғызхан-Үркер өгіз арбасымен қоса тоғысады. Содан кейін, «көріс айы туады». Қазақта «Асықпаған арбамен қоянға жетеді» дегені осы жайтқа байланысты айтылса керек [3.186].

Наурыздан кейінгі айдың екі атауы бар. Екеуі де қар кетіп, күннің жылынуына сәйкесті шықса керек. Бірі – көкек, сол кезде келіп, алғаш «көкектеп» шақырған құстың даусы естілуіне, екіншісі – сәуір, халықтың «сәуір болмай, тәуір болмайды» деген мәтеліне байланыстырылады [2.275]. Жаздың бірінші айы, қосалқы атауы отамалы, маусым деп те аталған. Бұл жердің отаю кезеңін меңзейді. Қазақта «Маусым – табаныңнан таусыл» деген мәтел бар. Мағынасы – аталған айда қауырт шаруашылық жұмыстардың көптігін, соған орай адамның ақ тер, көк тер болып еңбек етуін білдіру [2.278].

Таразының тууы – «Таразыда таң суыр» мәтелін тудырған күз нышаны, тамыз айының соңғы күндері [2.306]. Халық аузында қырық күн шілде суыр деп те аталады. «Сұмырай келсе су құриды» деген мақалдағы сұмырай – суыр айы сөзінің мағынасын береді. Айдың тағы бір көне атауы – Асат [2.280]. «Қараша – қауыс, кәрі-құртанды тауыс» деген мәтел бар. Қараша – «Толған Ай тұрса Үркерге қарсы қарап, қыс түсер шақырайып, боран сабап» дейтін он үш тоғыс айы. Бұл айда (қарашаның аяқ кезінде) төл марқайып, мал семіреді. Күзеу тозып, жаздай мал тұяғы таптаған өріс қараяды. Жердің оты кетіп, бел-бедері күлгін тартады. Ащы шөптер ғана шырын жинайды. Сондықтан болар «Қараша – қауыс, кәрі-құртанды тауыс» деген мәтел шыққан [2.287].

Көшпелі қазақтың байырғы өлшемдерінің түрлеріне [4.117-119] қатысты қалыптасқан басқа да мақал-мәтелдерін атап өтуге болады. Мысалы, аудан өлшемдеріне қатысты: «Ұлтарақтай болса да, ата қоныс жер қымбат, Ат төбеліндей болса да, туып өскен ел қымбат». Осындағы ұлтарақтай, ат төбеліндей сөздері орташа деген мағынаны білдіреді. Қолмен өлшенетін ұзындық өлшемдеріне қатысты: «Етікшіден құлаш қаш, бізі тиер көзіңе, тілі тиер өзіңе». Құлаш – иық деңгейінде созылған екі қол ұшының арасы. Аяқпен өлшенетін ұзындық

өлшемдеріне қатысты: «Қарға адым жер мұң болар», «Екі дүниеде – бір қадым», «Ақпанда күн ат адым ұзарады». Ақпан – «ақ ықпа» сөзінен шыққан. Ақпан айында аяз айылын жиып, қыс қаһарынан айрылады. Адым (қадам) – жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы. К.Күркебаевтың пікірінше: «Өлшем тарихы туралы зерттеулердің деректеріне қарағанда, еңбек үдерісінің даму нәтижесінде қоршаған ортадағы заттар мен нәрселерді өлшеудің маңызы зор. Бұған негіз болып адамның дене мүшелері алынды. Яғни, ең алғашқы өлшем құралдары қызметін адамның дене мүшелері атқарған» [5.10]. Қазақтың тіршілік қамы жүйесінің барлық салаларында қолданылатын саусақпен өлшенетін ұзындық (қалыңдық) өлшемдері – елі, тұтам, сүйем, қарыс, қарыс сүйем. «Бір елі ауызға екі елі қақпақ». Елі – саусақтың көлденең қалыңдығы, ені. Тұтам - бір қолымен сығымдап ұстағанда төрт-бес еліге тең ұзындық өлшемі. Ол қысқа, келте, аласа, пәс деп келетін шағын заттардың немесе құбылыстардың метафоралық эквиваленттері ретінде де қолданылған. Мұның айқын мысалы ретінде «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деп келетін белгілі мақалды келтіруге болады. Мұнда бір тұтам ұғымының қолданысы аллегориялық, метафоралық тәсілі арқылы алдаудың, өтірік айтудың «ғұмырының» тым келте

екендігін көрсетіп отыр [3.588]. «Қарыстан сүйем жуық», «Қара пышақ қарыс сүйем ұзарады» дейді халық [6.151]. Сүйем – бас бармақ пен сұқ саусақ аралығымен өлшенетін өлшем. Қарыс – бас бармақ пен шынашақтың аралық мөлшері. Қарыс сүйем – бас бармақ пен ортан саусақтың аралық мөлшері [4.117].

Бұйымға байланысты ұзындық өлшемі бойынша: «Адам ғұмыры қамшы сабындай (қысқа)» немесе «Өзі шынашақтай, сөзі келсаптай» [7.82] деген мақал-мәтелдер ауыспалы мағынада беріліп тұр. Келсап-келіге салған дәнді түйгіштеп уататын аспап, түйгіш. Келсаптай – үлкен, жуан, қолағаштай [8.380]. Қамшының этнос танымын танытудағы тағы бір бейнесі – оған байланысты қалыптасқан ырым-жоралғылар. Мәселен, «Қамшының сабы сынса – қатын өледі, пышақ сабы сынса – күйеу өледі» деген мақалдың астарындағы ырым-жоралғы [5.35]. Халықтың қарапайым тұрмыс-тіршілігіндегі қолданылатын заттар (арқан, тұсау, найза, құрық, қамшы) мен бойы көмекші есімінің тіркесуінен жасалған тіркесімдер басқа сөзбен тіркесу қабілетіне орай, кейде ұзындықты, кейде биіктікті білдірген. Мысалы: «Арқан бойы жердің тұсау бойы төтелігі бар» мақалындағы тіркесімдердің ұзындық мағынасында қолданылып тұрғанын аңғарамыз [5.15]. Найза бойы тіркесі

кеңістіктің көлденең және тік ұзындығы мен уақыт өлшемі ретінде қолданған. Мысалы, «Найза бойы қар жауса, жұтамайды сауысқан, қанды көйлек кесе де, қиыспайды туысқан»[5.36].

Қазақтардың көне заманнан бастау алатын халықтық өлшем жүйесіне салмақ (ауырлық) өлшемі түрі кіреді [9.103]. Оған – мысқал, батпан, қадақ, пұт, қап жатады. «Бір қап жел едік, «Пыс» еттік те, басылдық», «Бала атадан батпан артық туады», «Ауру батпандап кіреді, мысқалдап шығады» дейді қазақ. Байырғы Шығыс елдерінде қолданылған ең төменгі салмақ өлшемі мысқал деп аталады, ал ең үлкен салмақ өлшемі манн немесе батман болды, қазақша батпан деп атайды. Батпан қазақ ұсталарында қарудың салмағын анықтайтын өлшем болған. Мысқал өлшемі Шығыста ерекше дәлдікпен өлшеуді қажет ететін дәрі-дәрмек, бояу мөлшерін анықтауда соңғы кезге дейін қолданылып келді [9.107].

Байырғы өлшемдер – этностың күллі тұрмыс-тіршілігін айқындаудың таным айнасы, саналы ғұмыры мен ғасырлар мәдениетінің тұнып тұрған мұражайы [5.118]. Олардың қазақтың төл мақал-мәтелдерінде де көрініс табуы заңдылық, сондықтан ауыздан-ауызға тарап, бүгінгі ұрпаққа жеткен байырғы өлшемдерге қатысты мақал-мәтелдерімізді терең түсініп, жадымызда сақтағанымыз абзал.

Әдебиеттер:

1. Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.-Алматы: «Рауан», 1994. - 224б.
2. Кейкін Жәрдем. Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы: «Өлке»,-2006. -456 б.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. II том. Е-И: -Алматы, 2012. -736.
4. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. –Алматы: «Сөздік-Словарь», 1998. -128 б.
5. Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақашықтық, салмақ-көлем өлшемдері негізінде). Филология ғ.к. дисс. –Алматы, 2001.
6. Қазақтың мақал-мәтелдері (кұраст. Смаилова). –Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2002. -272 бет.
7. Қазақтың мақал-мәтелдері (кұрас. Тұрманжанов Ө). -Алматы: «Білім», 2004.-272 б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: «Дайк-пресс», 2008. -968 б.
9. Ахметжан Қ. Қазақтардың қару-жарак жасауда қолданған дәстүрлі ұзындық және салмақ өлшем бірліктері.//Ұлт тағылымы. 2003. № 3. 103-109 бб.

Қ.МЕҢІЛБАЕВА,
Алматы хореографиялық
училищесі.

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру-бұл, ең алдымен, халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» деп айтқан еді. Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін білу айрықша мәртебеге ие. Сол әр халықтың өзінің тілі, діні, әдебиеті сияқты өз тілінің ерекшеліктері болады. Адамның ойын жарыққа шығаратын – тіл. Ал тіл адамдар түсінетін құрал болып қана табылмай, сонымен бірге атадан балаға мирас болып келе жатқан өмір тәжірибесін, өнер-білімін жеткізуші құрал.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстандағы тілдердің үш тұғырлығы туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында айтқан.

2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдамасында Елбасы «Тілдердің үш тұғырлығы» – «Триединство языков» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды.

Ал 2008 жылғы ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуі тиіс. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді», – деді.

Тілдердің үш тұғырлығы идеясында Елбасы оған нақты анықтамасын берген, Қазақстанның қазіргі кезеңдегі қарқынды даму жолындағы елді демократияландыру, әлеуметтік өркендеу саласындағы талпыныстары білім беру жүйесін жаңаша өркендетіп оқыту, тәрбие үрдісін жетілдіруді талап етіп отыр. Егемендік алған еліміздің жаңа даму кезеңінде, оның дүниежүзілік аренаға шығып, басқа елдермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастарды қалыптастыруы, Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы, әр түрлі дипломатиялық қызмет атқаруы шет тілінің рөлін көтеруді қажет етеді. Қоғамдағы геополитикалық, коммуникациялық, технологиялық өзгерістер және интернет жүйесі арқылы тілдесу әр түрлі мамандықтағы, әр түрлі жастағы, әр түрлі

қалауы, қызығушылығы бар адамдардың санын мейлінше көбейте түсуде. Осыған байланысты шетел тілдерін пайдалану қажеттілігі де артып келеді. Тіл – тек қатынас құралы емес, тілін үйреніп жүрген елдің рухани байлығын меңгерту де үлкен рөл атқарады. Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бері әлемдегі көптеген елдермен саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени байланыс жасауға кеңінен бет бұрдық. Бұл қарым-қатынастың нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтасқан бірлігін өркендеуге тіл білудің мәні күн сайын арта түсуде. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік болып табылады. «Тіл – халықтың тарихы, шежіресі, халықтың күллі өмірінің жаңғырығы мен ізі, онан сол тілді жасаушы халықтың арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады. Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы. «Тіл – адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады», - деп К.Аханов. Тіл – біздің өміріміз бен қоғамымыздың ажырамас бөлігі. Қазіргі Қазақстанда тіл мәселесіне көп мән беріледі. Әсіресе, үш тұғырлы тіл туралы айта

кеткен жөн.

Елбасымыз «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны алғаш рет 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жария етіп, 2007 жылғы жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл жоба бойынша Қазақстан халқы үш тілде сөйлейтін жоғары білімді ел ретінде бүкіл әлемге танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі. Біздің халқымыз үшін қазақ тілінің маңыздылығын және оның еліміздегі орын алуы туралы қазақ халқының зиялы азаматтарының ерте заманнан бастап айтқандары белгілі. Қазіргі уақытта да бұл мәселеге мемлекет тарапынан аса назар аударылатындығы баршамызға мәлім. Мысалға айтатын болсақ, Елбасымыз өз еңбектерінде бұл мәселені назардан тыс қалдырмайды. Соның ішінде Президентіміздің біз үшін аса маңызды 2012 жылғы Жолдауындағы тіл мәселесіне байланысты ойларын айтуға болады. Оның айтуы бойынша: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді

үлесімізбен толығы түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруымыз керек. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Келер ұрпақтың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады. Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тіл саясатын сауатты және дәйекті, қазақстандықтар сөйлесетін бірде-бір тілге қысым жасамай жүргізу керек». Осыдан Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 % қазақ тілін білуге тиіс деген талап қойып отыр. Бұл талаптарды орындауда елімізде шаралар жасалып жатыр. Соның нәтижесінде қазірдің өзінде еліміздегі оқушылардың 60% астамы мемлекеттік тілде оқиды. Мемлекеттік тіл барлық мектептерде оқытылады. Осындай шараның қолданылу барысында, біздің ойымызша, елімізде он-он екі жылдан соң жаппай қазақша білетін қазақстандықтардың жаңа ұрпағы қалыптасады деген сенімдеміз. Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп

қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Әрине, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Себебі, әрбір ұлт өз ана тілін меңгеріп, күнделікті өмірде кеңінен қолданбаса, оны жекелеген ұлт деп толық айта алмаймыз. Сондықтан да Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бұл мәселеге ерекше назар аударады. Ол өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін, сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады. Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бей-жай қарамайық. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді «Қазақ елі» деп атайтын боламыз» деді. Осыған орай, қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады деген үміттеміз.

Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете түсуде. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Туған тіліңді білуге тиісті емессің, міндеттісің дер едім. Ал басқа мемлекеттің алдында өз еліңнің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді.

Әлемде екінші ұстаз, ұлы ғұлама Әбу-Насыр Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілін білсе, өр рухты дауылпаз ақын Махамбет пен қазақтың бір туар ұлы Шоқан да бірнеше тіл білсе керек. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге бермегендігі мыңдаған жыл тарихынан айқын. Елбасының міндет етіп қойған бәсекеге қабілетті мемлекет құруда жас ұрпақтың тигізер үлесі зор. Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындарында шет тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр. Мәдениетті, жан-жақты, ұлтжанды, рухани дүниесі бай жастар тәрбиелеп шығару-университеттің басты мақсаты. Жаһанданған заман елімізді барлық елдермен бәсекелесе дамуға итермелейді. Тілдің қажеті артқан сайын, сұраныс артқан сайын осы қажетті қамтамасыз ету үшін арнайы шаралар да жиі ұйымдастырылып тұрады. Бәсекелестікте тек мықтылар ғана жеңіп шығады, ал бәсекеге шыдай алмайтындар жеңіліске ұшырайды. Қазіргі заман ашықтық пен жан-жақтылықты талап етеді. 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған еліміздің даму стратегиясында қазақ тілін өркендету мен шет тілдерді оқыту мәселесіне айрықша мән берілген.

Шет тілін білу сән емес, заман талабы екені белгілі. Туған тілінді жетік меңгер, қастерлей біл. Бірақ бір тілмен ғана шектеліп қоймай, жан-жақты бол, тіл үйрен. Бұл сенің болашағыңның ғана емес, тұтастай ұлтыңның болашағының жарқын болуының кепілі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауында «өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» деген.

XXI ғасыр білімді де, білікті, бәсекеге қабілетті, көптілді, көп мәдениетті тұлғалар ғасыры болмақ.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Еліміздегі жүріп жатқан өзгерістердің мәнін пайымдау бірінен бұрын жастарды тәрбиелеп отырған ұстаздарға жүктейді. Елбасымыздың жолдауында көрсеткендей қазіргі шәкірт ертеңгі күні әлем кеңістігіне еркін ену үшін білім беру жүйесінің халықаралық деңгейіне көтерілуі керек. Сондықтан да жиырма бірінші ғасырда ағылшын тілін үйрететін ұстаздарға қойылатын талаптар ауқымы үлкен. Ағылшын тілін меңгерудегі ана тілінің рөлі туралы академик Л.В.Щерба, М.В.Ляховский, атақты педагог К.Д.Ушинский өз еңбектерінде кеңінен тоқталған. Жалпы теориялық

негіздері бір-біріне ұқсас Л.В.Щерба «Ана тілін шетел тілі сабағынан аластатуға болады. Ал мектеп жағдайында оқушылардың санасынан аластату мүмкін емес» деп жазады. Қоғамдағы соңғы кезеңде болып жатқан өзгерістер ағылшын тілін оқып-үйренуге мәжбүрлік ахуалын туғызып отырғаны бәрімізге белгілі. Интерактивті әдіс-тәсіл арқылы шетел тілінде компьютер арқылы әлемдік ақпараттар кеңестігіне шығу, әлемдегі озық технологияларды, жаңалықтарды меңгеру, өмір ағымына ілесу. Білім алушыларға ана тілінің негізінде ағылшын тілін үйрету, олардың өз ойын ауызша және жазбаша дұрыс, еркін, келістіре баяндай білуіне дағдыландыру. Кітаптарды өздігінен пайдалана білу сияқты іскерлік дағдыларын қалыптастыру және ғасырлар бойы жаңа рухани мәдениетімен, білімімен қаруландыру және егемен еліміздің ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін шетел тілі арқылы таныту. Тіл арқылы өзге елдің мәдениетін, тарихын білуге болады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған және бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру стратегиясын ұсынған болатын. Онда осы міндеттерді шешуге жәрдемдесетін дамытудың жеті басым бағыты анықталған. Елбасы: «Бұл шешуші басымдықтардың бірі-осы заманғы білім

мен озық ғылымды дамыту болып табылады» деп нақты көрсеткен.

Қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар мен ұлттар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі. Мәселен, ежелгі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған көрінеді.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

Үш тұғырлы тіл саясатын дұрыс түсінбей, тек

қана қазақ тілін қолданайық деп даурыға берудің қажеті жоқ. Одан да біз мемлекеттік тілді дамытып, орыс тілі мен ағылшын тілін қажетіне қарай үйренуіміз керек. Бүгінде ағылшын тілі бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Бұл, өте дұрыс нәрсе. Себебі, бала жастайынан тілді базалық деңгейде білсе, болашақта кәсіби деңгейде үйреніп алуына мүмкіндік туады. Қазақ мектебінде оқыған жас қалада тұрғаннан кейін орыс тілін де білетіні айдан анық. Сонымен қатар, ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылғаны құптарлық дүние. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасынан ағылшын тілін еркін меңгерген көптеген бітірушілер шет елдерде білімін дамытып, тәжірибесін молайтуда.

«Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек»,– деген болатын. Мейлінше, көп тілді меңгеру қажет, дегенмен өз ана тілімізді ешқашан ұмытпағанымыз жөн. Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ.

Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену

арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, өз халқы мен басқа халықтардың дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау керек, яғни полимәдениетті тұлға қалыптастыру керек.

Бүгінде егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып әлемге жар салып жатқан дүбірлі кезеңде қазақ ұлтының жанына сүйеу, рухына тіреу болатын басты мәселенің бірі осы – тіл. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілі – ұлттық руханиятымыздың өзегі. Қазіргі кезде қазақ тілін дамыту, оқытудың деңгейін арттыру мәселесі көтеріліп, осы орайда түрлі шара атқарылып жатқаны баршамызға аян. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, оның мүмкіндіктерін барынша пайдалану – еліміздің әрбір азаматының абыройлы міндеті. Адамзат мәдениетінің негізі – тілде. Кез келген ұлттың басты ерекшелігі – оның ана тілінде. Ұлттың жаны мен жүрегі ары мен ұяты, қазына-байлығы мен атақ абыройы тілге байланысты. Жер бетіндегі сан мыңдаған ұлттардың ішінде тек қазақ халқы өз тілін ана тілі деп ардақ тұтып, қастерлейді. Қазақ үшін тілден құдіретті ештеңе болмаған.

Тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі. Ана тілі – әр адамға ананың ақ сүтімен бойға жетіп, ананың әлдиімен, бесік жырымен құлаққа сіңіп, атадан-

балаға жетіп отыратын ұлы күш. Ана тілі – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес байлығы, қуатты қайнар бұлағы. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазірге және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден-бір сенімді құрал. Тіліміз арқылы халқымыздың жан дүниесін танып білеміз, себебі, халықтың рухани байлығының сарқылмас бұлағы сонда жатыр. Туған жеріміз бен ел-жұртымызды да сол арқылы айтып жеткіземіз.

Тіл-адам баласының басты қазынасы. Тіл байлығы-елдің елдігін, жұртшылығын, ғылымы мен әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, мұрасының қай дәрежеде екенін танытатын дәлелді көрсеткіші. Әр халықтың ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін «Ұлы» деп қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқандай, тіл – ұлттың тірегі. Ол жан-дүниеңді ашып көрсететін мөлдір айна. Тіл жоғалса, ұлт та жоғалатыны белгілі. Барлық қазақстандықты біріктіретін – қазақ тілі, сондықтан егемендігімізді сақтап қалу үшін ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік тілге ерекше ықылас қажет.

Еліміздің қазіргі кезде басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта шетел тілін

еркін меңгерген, алған білімін алдағы уақытта түрлі салада қолдана алатын және де қарым-қатынасқа түсе алатын шәкірт тәрбиелеп өсіру-үкімет тарапынан бізге қойылып отырған талап және де өзіміздің міндетіміз деп білеміз.

Ия, расында да, ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды. Қазақстанда тек қазақ тілі ғана билік құра алады. Ағылшын тілі – қазақ жерінің жана әлемге ашар есігі. Үштілділікті үрейлі кейіпте елестететін кейбір ағаларымыз «мұны ең соңғы өлу деп те қорқатындығын» жасырмайды. Жоқ! Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып өзімізді өзгелерге таныта білуіміз қажет. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік?

Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу - әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек.

Әрине, дамыған өркениетті 30 елдің қатарына қосылу мақсатында жүргізіліп отырған «Үштұғырлы тіл» саясаты, шын мәнінде, елдің

ертеңі үшін керек нәрсе.

«Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек»,– деген болатын. Мейлінше, көп тілді меңгеру қажет, дегенмен өз ана тілімізді ешқашан ұмытпағанымыз жөн.

Қазақ тілі Қазақстан халқының ортақ тіліне айналып қоғамдық қатынаста мемлекеттік тіл мәртебесімен өз тұғырында нық орныққан тіл болып қалыптасуы үшін ат салысу әрбір қазақстандықтың мемлекет алдындағы жауапкершілігінің басты шарты деп айтсақ, артық айтқандық емес. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, Елбасымыз атап көрсеткендей: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез кезген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тіліміз» мәңгі жасасын демекпін.

«Ұлым, тіліңді жаман сөзден, көзіңді жамандық бағудан сақта. Ұлым, сөзіңді жүрегіңмен тербеп, содан соң айт, бұлай етсең баршаға сүйкімді боларсың. Ұлым, біреуден жаман сөз естісең, оны жүрегіңнің жеті қарыс түкпіріне тұт, оған жаман болар, саған жақсылыққа қайтар», - деп дана Хикар

ұрпағының осы бір даналық сөзін жадымызда мәңгі ұстап, өзге тілдерді еркін меңгере отырып, өз ана тілімізді сақтап, айтар сөзімізді өз орнымен пайдалана білейік, ағайын!

Қорыта айтқанда: «Білекке сенер заманда-ешкімге есе бермедік. Білімге сенер заманда – қапы қалып жүрмейік» – деп Абылай хан айтып кеткендей, ертеңгі күннің болашағы бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән екенін естен шығармауымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» / Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 6 ақпан, 2008.

2. Рысбаева Г.К. «Шетел тілін білу-жас ұрпақтың бәсекеге қабілеттігінің кепілі», «Мектептегі шет тілі» журналы. 2012, № 3, 3-6 б.

3. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методологии и теории А., 2005-262с.

4. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – 2002.

5. «Мектептегі шет тілі». №1 2008, №5 2010, №4 2012

6. Сманқұлова Ж.Е. Оқытудың интерактивті әдісі. -Алматы, 2000.

СТУДЕНТТЕРДІ МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛДІ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСҚА ҮЙРЕТУДЕГІ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР

Мақалада еліміздегі еңбек нарығында құзырлы, ұтқыр, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау барысында табысты маманның мемлекеттік тілдегі кәсіби қазақ тілін өз дәрежесінде меңгеру қажетті шарттардың бірі екендігі қарастырылады. Бұл үшін оқытудың интерактивті әдістерін қолданып, қазақ тілді кәсіби қарым-қатынас ауқымын кеңейтуге мүмкіндік беретін арнайы курстарды ұйымдастыру техникалық жоғары оқу орындары үшін объективті қажеттілік болып қалу керектігі ғылыми тұрғыдан анықталады.

Кәсіби қазақ тіліне тақырып бойынша әр мамандықтың ерекшелігін ашып көрсететіндей жағдаяттық тілдік және сөйлеу материалдарын кірістіріп, оқытудың мазмұны мен әдістерін іріктеудің жолдары көрсетіледі.

Кәсіби қазақ тілін оқытуда тиімді интерактивті әдістерді таңдау ұсынылады.

Тірек сөздер: бәсекеге қабілетті маман, кәсіби қазақ тілі, мамандық бойынша мәтіндер, интерактивті оқыту, арнайы курс ұйымдастыру.

Елімізде саясат, экономика, мәдениет және білім салаларында құзырлы, ұтқыр, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға деген мұқтаждық бар екені белгілі. Бірлескен өнеркәсіп, саудасаттық кәсіпорындары мен фирмалары, шетелдік компаниялардың өкілдіктері, оқу және ғылыми бірлестіктер құзыретті, шығармашылықпен айналысатын, өздігінен кәсіби маңызды тапсырмаларды шеше алатын, сонымен қатар еліміздің саяси, өнеркәсіптік-экономикалық және мәдени дамуының маңыздылығын сезінетін адамдарды қажет етеді. Еңбек нарығы жоғары білім беру жүйесін жанартуды, атап айтқанда, оны кәсіби жағынан күшейтуге еріксіз мәжбүрлейді. Бұл жерде, әрине, қазіргі кезеңде табысты маманның ерекше белгісінің бірі шет тілін игеруі міндетті шарт болып табылады [1]. Дегенмен мемлекеттік тілдегі кәсіби қазақ тілін өз дәрежесінде меңгеру де қажетті шарттардың бірі екендігін ұмытпағанымыз абзал.

Ақпараттық-техникалық саланың дамуы кәсіби қызметті жетілдіруде инженерлік-техникалық салада білім беруде техникалық жоғары оқу орындарының бітірушілерін дайындау мәселесіне өзекті түрде көңіл аударумен байланысты [2].

Мамандық бойынша мәтіндер практикалық-бағдар беруші ақпарат көздері болып, студенттердің қазақ тілді қарым-қатынасқа дайындық негізін және шұғыл дамуын қалыптастырады. Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану, соның ішінде мамандық бойынша қазақ тілді кәсіби қарым-қатынас ауқымын кеңейтуге мүмкіндік беретін арнайы курстарды ұйымдастыру техникалық жоғары оқу орындары үшін объективті қажеттілік болып қалу керек. Бұл арада ғаламдық ақпараттандыру мен халықаралық байланысты қарқынды дамытуда мемлекеттік тілімізге қарағанда шет тілінің үлесі жоғары екенін мойындамасқа ылажымыз жоқ. Әрбір техникалық жоғары оқу орнының өзінің кәсіби бағыты бар және нақты бір шаруашылық саласымен байланысты болғандықтан, кәсіби қазақ тіліне тақырып бойынша әр мамандықтың ерекшелігін ашып көрсететіндей жағдаяттық тілдік және сөйлеу материалдарын кірістіріп, оқытудың мазмұны мен әдістерін іріктеу жүргізуді талап етеді. Техникалық салада білім беретін жоғары оқу орындарының мемлекеттік білім беру стандарты қазіргі заманғы инженерлік-техникалық практика мұқтаждықтарын ескеруге шақырады. Техникалық жоғары оқу орындарында кәсіби еңбек нарығының талаптары мен шет тіліне оқыту мәселесі жоғары құзырлы және білікті мамандарды даярлауда азаматтық қоғамның мүдделері мен талаптары

мазмұнының ара қатынасын белгілейді. Жоғары кәсіби білім беруде жаңа парадигманың негізі болып жетік білу тәсілдемесі (компетентностный подход) кездейсоқ таңдап алынған жоқ [3].

Ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау болашақ инженер-техник жұмысшыларын дайындауда кәсіби қарым-қатынасқа оқытумен байланысты теориялық және практикалық зерттемелер мәселесінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Мамандық бойынша мәтіндер негізінде кәсіби қазақ тілін оқытуда тиімді интерактивті әдістерді таңдауды және оны мамандарды дайындау кезінде қазіргі заманғы еңбек нарығы мен мамандықтың жоғары талаптарға сәйкес келетін іс жүзіндегі оқыту үдерісіне енгізумен байланысты зерттеу жүргізу мәселесі туындайды.

Интерактивті оқыту – нақты және болжамды мақсаттарды толығымен тұспалдап түсіндіретін танымдық қызметті ұйымдастырудың арнайы формасы. Интерактивті әдістер студенттердің өзара әрекеттесу, белсенділік, топтық тәжірибеге сүйену, міндетті кері байланыс орнату қағидасына негізделген. Оқыту қатынасында студенттердің жайдары, ашық болуына, өзара әрекеттестігіне, олардың дәлелдерінің деңгейлес теңдікте болуына, бірлескен білімдерінің қорлануына, өзара бағалау және бақылау мүмкіндігіне жағдай жасалынады. Студенттерді мамандық бойынша мәтіндер негізінде

кәсіби қазақ тіліне оқытуда коммуникативті міндеттерді шешу алғашқы қажеттіліктердің бірі екендігін атап көрсету керек.

Студенттің жеке басын дамытуға, кәсіби ұжданын және ақыл-ой, коммуникативтік қабілетін қалыптастыруға бағытталған интерактивті әдістер кәсіби қазақ тіліне оқытудың сапасын арттырады. Арнайы мәтіндер негізінде кәсіби қазақ тілінде қолданылатын ең қолайлы әдістердің қатарына рөлдік ойындар әдісі, жағдаяттық тапсырмаларды шешу әдісі, жобалар әдісі, оқу стансалары әдісі жатады. Бұл әдістер қазіргі заманғы техникалық саладағы мамандар үшін ерекше маңызды болып табылатын студенттердің деректер мен оқиғаларды талдау мен салыстыру, өздігінен оқу, топ болып жұмыс істеу, өз көзқарасын айту және қорғау дағдыларын дамытуға көмектеседі және барлық әдістердің қазақ тіліне оқыту үдерісінде әрекеттестік, дамытушылық, білім беру сипатындағы ортақ белгісі бар.

Оқытудың интерактивті әдістеріне зер салу студенттерге бұрыннан таныс оқытудың дәстүрлі әдістерін біріктіруге себепші болды. Жағдаяттық тапсырмаларды шешу өзекті ақпараттық және шешімі күрделі мәтіндерді оқыту кезінде қолданылады. Тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндігі бар интерактивті әдістерді оңтайлы пайдалану арнайы курс аясында қолданылады.

Арнайы курс жоғары оқу орнының нақты кәсіби-маңызды мақсаттары мен міндеттері программа бойынша тұжырымдалған оның жалпы мақсаттарымен сәйкестігін ескере отырып құрылады. Арнайы курсты ұйымдастыру оқытушылардың негізгі оқу курсына сәйкестігі сияқты заманауи әдістерді қолданып, сондай-ақ қажетті ғылыми-әдістемелік және оқу базасы құрылып, студенттердің өздерінің уәждемесі болғанда ғана толықтай жүзеге асыруға болады [4].

Интерактивті әдістерді ақпараттық технологияларда пайдаланудың тиімді жақтары деп мыналарды атауға болады:

- оқытушының студенттермен, студенттердің бір-бірімен компьютерлік байланыс арқылы сұхбаттасуға, оқу әрекетін белсендіруге мүмкіндіктердің мол болуы;

- электрондық жазба арқылы әр түрлі пікірлерді ортаға салуы; дұрыс шешім табуға ынталануы, басқа пікірлерді есепке алуы;

- мультимедиялық құралдар арқылы интерактивті оқытуда оқу, жазу, ойлау әрекеттері тиімді орындалуға мүмкіндік алады, өйткені: педагогикалық процеске студенттер көру, есту, ұғыну, іс-тәжірибеде қолдану арқылы білімді нығайтуға негізделеді [5,6,7,8].

Қазақ тіліне оқытуда техникалық жоғары оқу орнының студенттерінің қазақ тілін меңгеру

деңгейін ескере отырып, әдістемелік-дидактикалық қағидаттарды сақтағанда жоғары нәтижеге жетуге болады.

Кәсіби қарым-қатынасқа үйретуде модульдік жүйе бойынша деңгейлеп оқыту көзделді. Олардағы мәтіндер әр түрлі өлшемдер бойынша (аутентивті, түпнұсқа түріндегі, пәнаралық байланысы бар, кәсіби бағытталған) іріктеліп алынады.

Әдебиеттер:

1. Алексеева И.С. Профессиональное обучение переводчика: Учебное пособие по устному и письменному переводу для переводчиков и преподавателей, СПб.: Изд-во «Союз», 2001: 288.

2. Гавриленко Н.Н. Программа-концепция подготовки переводчиков профессионально ориентированных текстов. Книга 3. М.: Научно-техническое общество имени академика С.И. Вавилова, 2011. С.122.

3. Гавриленко Н.Н. Теория и методика обучения переводу в сфере профессиональной коммуникации. Книга 1. Москва: Научно-техническое общество имени академика С.И. Вавилова, 2009. –178.

4. Комиссаров В.Н. Теоретические основы методики обучения переводу, М.: «РЕМА», 1997: 110.

5. Әлметов Ә. Сөйлеу әрекеттері түрлеріне оқыту. Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 2007. №8.

-Б. 23-27.

6. Низбекова К. С. Ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері және бағыттары. Қазақстан мұғалімі. – Алматы, 2012. №6. -Б. 12-18.

7. Абтикалыков Н. Б. Педагогикалық пәндерді оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану. Қазақ ұстазы. - Қызылорда, 2012. №3. –Б. -34-43.

8. Маженова Д. А. Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану ерекшеліктері. Қазіргі мектеп. – Алматы, 2015. №10. –Б. 25-35.

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ В ОБЩЕЙ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ

В статье рассматривается условие необходимое для успешного освоения языка на должном уровне. В нашей стране подготовка конкурентоспособных специалистов на государственном языке на рынке труда – это выпуск компетентного, мобильного, профессионального специалиста. С этой целью определяется применение интерактивных методов обучения, расширение масштабов казахского языка профессионального общения, позволяющие оставаться объективной необходимости организации специальных курсов для высших учебных заведений. Таким образом, чтобы раскрыть специфику каждой специальности по теме, вводятся ситуативные языковые и речевые

материалы, излагаются проведение отбора содержания и методы обучения. Предлагается ряд эффективных интерактивных методов обучения профессиональному казахскому языку.

Ключевые слова: конкурентоспособный специалист, профессиональный казахский язык, тексты по специальности, интерактивное обучение, организация специальных курсов.

INTERACTIVE METHODS TRAINING OF STUDENTS IN COMMUNICATIONS OF KAZAKH ON SPECIALITY

In the article specified, the one of the conditions necessary for the successful mastering of language on the standart level at the labour market in our a country is the preparation of competitive specialists using state language being competent, mobile, professional specialist. For this purpose application of interactive methods of teaching, scales expansion of Kazakh for professional communication allowing to remain of objective necessity of organization of the special courses for universities is considered in the article. Language and speech materials of situation are considered, methods and content of education are considered. When teaching a professional Kazakh language, a choice of interactive methods is offered.

Key words: competitive specialist, professional Kazakh, texts on speciality, interactive educating, organization of the special courses.

М.ӘБІЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық
гуманитарлық университетінің
доценті, профессор.

ҚОЙТҮБЕКТЕГІ ЖАЗУ

Қазақ түркілері әдебиетінің көне тарихы туралы белгілі ғалым Ы.Дүйсенбаев былай деп жазады: "Қазақ әдебиетінің көне тарихын сөз ету, оның жай-жағдайына тоқталып, сонау бағзы заманнан келіп жеткен асыл мұраның сырын ашу, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін тани білу...

Ал, ақиқатта қай дәрежеде болсын көркем туынды халықпен бірге жасайды, онымен бірге дамып, жетіле, кемелдене түседі..." (Ы. Дүйсенбаев, "Ғасырлар сыры", Алматы, "жазушы" баспасы, 1970, 3-бет).

Осыорайдағалымныңпікіріне дұрыс көзқараспен қарауға міндеттіміз. Шынында қазақ түркілерінің әдебиетін өзге туысқан түркілер әдебиетімен салыстыра қарағанда қандай ерекшелігі бар? Ғалым жазып отырған "Бағзы заманнан келіп жеткен асыл мұраның сырын ашу..." біздің міндетіміз емес пе?

Біз алдымен өзіміздің төл әдебиетімізді, оның пайда болуын, қалыптасуын зерттеп алып, сонан соң

түркілерге ортақ жәдігерліктерді алға тартуымыз қажет. Ол үшін алдымен сол әдеби жәдігерлік болсын, мәдени жәдігерлік болсын оның қай жерден табылғанына назар аудару қажет емес пе? Мәселен, күміс тостағандағы жазу. Жұбантөбедегі жазу. Қойтүбектегі жазу. Осы жәдігерліктер қай жерден табылды? Бірінші осыған назар аудару керек емес пе?

Біз алдымен өз жерімізден табылған жәдігерліктердің қазақ халқына, қазақ ауыз әдебиетіне, қазақ жазба әдебиетіне, мәдениетіне тиісті саласын зерттеп болып, сонан соң бүкіл түркілерге ортақ құндылықтарын сөз етуіміз қажет емес пе?

Көне түркі жазуларының бірі - "Ай-элиг". Мәтіндегі "Ай" сөзі-қазақ тілінде - аспандағы ай мағынасын береді. Түркі халықтарында "Ай" сөзі көбіне осы аспандағы айды білдіреді. Өзбек тілінде - "Ой", қарақалпақ тілінде "Ай". Ал, мәтіндегі "элиг" сөзі ше? Осы қазақтың "елік" сөзі емес пе? Елік-қазақ ауыз әдебиетінде көбінесе сұлулық символы ретінде жырланады. Сонда мәтіндегі "Ай-элиг" сөйлемі "Ай-елік" деген мағына береді. Яғни, "Айдай елік". "Елік ай сияқты сұлу, әдемі..."

"Ай-элиг" сөйлемі "Күлтегін", "Тоныкөк" сияқты тасқа қашап жазылған дастандар сияқты бір дастанның үзіндісі ме екен?

Көне жазулар тарихында осындай үзінділер туралы көптеген мысалдар бар: "Лондондағы Британия мұражайының қызметкері, археолог Джордж Смит сына жазбаларынан "Энума Элиш" атты бір поэманы оқып шыққан" (Косидовский З. Библейские сказания. М., 1966, стр.27).

"Джордж Смит бір күні таңбаларды реттеп отырып, бірнешеуінен "топан су" жайлы аңыздың үзіндісін оқыған" (А.Қыраубаева, "Ғасырлар мұрасы", Алматы, "Мектеп" баспасы, 1988, 25-бет).

Қазақ түркісінен шыққан белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиев Күлтегін мен Білге қаған және Тоныкөк жазбалары туралы ғылыми тұжырымдар жасай отырып былай деп ой түйеді: "Бұл жазбаларды қазір ғалымдар тарихи дастан ретінде бағалап жүр. Мәселен, Т.Стеблева өзінің 1965 жылы шыққан "Поэзия тюрков" (VI-VIII) деген кітабында осындай ой айтады. Шынында да аталған ескерткіштерде қазақ ұғымына жақын жыр жолдары толып жатыр.

...Қазіргі қазақ өлеңдерінде сақталған адамның әр жастағы ісін, қайратын жырлайтын өлең түрін Күлтегіннің ерлігін сипаттайтын өлең жолдарынан да көреміз. Онда Күлтегіннің жеті жастан әкесі өліп, жетім қалған кезінен бастап, 47 жасқа жетіп өлген күніне дейін не істегені, әр жастағы жетістіктері сатыланып көрсетіледі.

..."Өлімнен ұят күшті" мақалы "Тоныкөктің

ескерткішінде жүрсе, Күлтегіннің "Ақ азбаны", "Ақ қаракері", "Меңсіз ақ", "Алып шалшы ақ аты", оның келбетін суреттейтін (арыстан жүрек, ер алып) эпитеттер, балама сөздер осы шығарманың тіл көркемдігінің куәсі сияқты. Оның үстіне бұл сияқты көріністерді қазақ жырларына жат нәрсе деп ешкім айта алмайды. Олай болса, аталған ескерткіштердің оқиғалары да, көркемдік тәсілдері де қазаққа тән құбылыстар және ол әдебиетіміздің ескі негізі болуға праволы" (ерекшелендіргенмен) деп әдебиетіміздің жәдігерліктері деген пікір білдіреді (Х.Сүйіншәлиев, VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті", Алматы, "Мектеп" баспасы, 1999, 21-23-беттер).

Ы.Дүйсенбаев "Ғасырлар сыры" деп аталатын ғылыми еңбегінде қазақ елінің көне замандағы әдебиеті, тарихы жөнінде былай деп жазады: "...бізде орын теуіп келген негізгі бір кемшілікті атап көрсеткен дұрыс. Ол-халқымыздың өткендегі тарихына кейде көз жұма қараушылық, оның бойындағы жақсылықты елемеушілік. Мысалы, оқта-текте ертеде болып өткен ескі өмірді сөз ете қалсақ, әдетте біз ешнәрсені көргіміз де, білгіміз де келмейтін тәріздіміз. Қазақ даласы біздерге құлазып жатқан, тап-тақыр жер секілденеді де, ал ата-бабаларымыз сол бір шөлейт сахарада жүріп, мал баққаннан басқа ештеңе тындырмаған

болып елестейді. Бірақ, шындықта біз жорығандай емес. Себебі, мәдениет дегеніміз бір сәтте өзінен өзі кереметтің сиқырлы күшімен туа қалатын немесе жалғыз ғана ұрпақ жасай салатын оп-оңай дүние дейсіз бе? Жоқ, ақын айтқандай, бұл жолда (мәдениетті жасау жолын айтып отырмыз.-Ы.Д.) талай шаштар ағарып, талай өмір суалған болар. Ендеше, қазіргі толыққан шағымызды, бақытты тұрмысымызды мақтан етіп, шексіз шаттанумен бірге, өткендегілерді орындап, кейінгі ұрпаққа, яғни бізге мирас ретінде қалдырған бай мұраларын да әсте естен шығармауымыз қажет. Атап айтқанда, көне замандағы қазақ жерінде ер жүрек, еңбек сүйгіш, талапты да талантты халық мекен етіп келген, ұзақ ғасырлар бойында сан буынның төккен қаны мен көз жасы, жұмсаған күші мен жігері, талпынған талабы мен мол қабілеті нәтижесінде жасалған өзіндік тамаша мәдениеті болған демекпіз... рухани байлығымызды бірде олай, бірде былай толқытып, әділ бағасын бере алмай жүрген шақтарымыз да болды. Ескі мұраны қабылдай қалғанда, бұл өткенге бас ию, оған бірыңғай сұқтану деп жазғырушылар да табылды. Солардың қырсығынан көптеген қымбат қазынадан безуге дейін бардық.

Сөйтіп, көне мұра тарихын зерттеуді терең түсініп, дұрыс жүргізу үшін бұл жөніндегі бар-

жоғымызды анықтамайынша, сондай-ақ, бұрын-сонды орындалған істер мен қазіргі мүмкіндігімізді ескермейінші болмайды.

Турасын айтқанда, тек ауыз әдебиеті үлгілері ғана болмаса, жалпы әдебиет мәселелерін сөз еткенде біз ұзақ уақыт XVIII ғасырдан әріге бара алмай келдік..." (Ы.Дүйсенбаев, "Ғасырлар сыры", Алматы, "Жазушы" баспасы, 1970 жыл, 3-4-беттер).

Қазақ прозасында болсын, поэзиясында болсын елік-бейбіт өмірдің символы. "Ер Төстік" ертегісінде Ер Төстіктің еліктерге былай дейтіні бар:

Жан серігім, қырық елік,

Жаным сенде, қырық елік,

Жан сақтаған, қайқы қара,

Шошытқан саған кім келіп.

... Жан сақтаған қайқы елік,

Жасымнан болдың жан серік... ("Қазақ

әдебиеті", хрестоматия, құрастырушылар: Т.Ақшولاқов, Ә.Қанафин, М.Хасенов, Алматы, Мектеп баспасы, 2001, 28-бет).

Ендігі мақсат-ежелгі дәуірлерден бізге жеткен жазба әдеби жәдігерліктерімізді өскелең ұрпаққа ұсына отырып, рухани байлығымызды молайту, ұлттық идеологиямызды қалыптастыру.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ж.САҒЫНОВА,
Ж.Қалдығараев атындағы
орта мектебі» КММ.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы

РАБҒУЗИ. ҚИССАЛАРЫ

Мақсаты: Алтын Орда дәуірінде туған, сол кезеңде өмір сүрген Рабғузи қиссаларының мазмұнын, идеялық мәнін ашу; қиссалардың мазмұнын меңгерте отырып, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, адалдыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

Түрі: жана білімді меңгерту сабағы.

Оқу нәтижелері: Рабғузи және оның қиссалары туралы ойларын жеткізе алады; Рабғузи қиссаларының мәнін түсініп, оның желісінің ертегілерде де кездесетінін дәлелдей алады.

Сілтеме: А.Қыраубайқызы. «Ежелгі дәуір әдебиеті», оқулық, әдістемелік құралдар, күнтізбелік жоспар.

Әдістері: сын тұрғысынан ойлау, түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасып,

сыныпты түгелдеу. Оқушылар назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1-топ: М.Қашқари өмірі мен шығармашылығы;

2-топ: М.Қашқари сөздігінің бүгінгі өмірден алар құндылығы;

3-топ: М.Қашқари жинаған мақал-мәтелдердің қазіргі тіліміздегі ұқсастықтары туралы мазмұндау.

III. Жаңа сабақ.

1. Қызығушылықты ояту. «Тірек сөздер» стратегиясы арқылы Алтын Орда әдебиеті, миф, нәзирашылдық деген сөздердің мағынасын ашу.

- «Алтын Орда әдебиеті» деп аталу себебі.

Сол дәуірден жеткен он шақты ескерткіш бар, біздер Рабғузи және Сәйф Сараи шығармаларымен танысамыз. Алтын Орда мемлекеті туралы айтар болсақ, Қазақстан аумағында XIV ғасырда Алтын Орда мемлекеті құрылды. XIII-XIV ғасырларда Шыңғыс хан құрған мемлекеттің қол астына қазіргі Қазақстан, Орта Азия, Солтүстік Иран, Кавказ, Қырым қарады. Қазақ жері ол кезде Дешті Қыпшақ аталатын, оған Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы иелік етті. Ол Алтын Орда аталды. Алтын Орданың астаналары Сарай және Сарайшық қаласы болды.

Алтын Орда XIV ғасырда Көк Орда, Ақ Орда болып екіге бөлінді. XV ғасырда Көк Ордадан Қазақ Ордасы бөлініп шықты, сөйтіп дербес қазақ хандығы құрылды.

- Әдебиеттегі нәзирагөйлiк бағыт.

Алтын Орда жұрты – түркілер, тілі – түркі, діні – ислам еді. Әдебиет негізінен нәзірашылдық, нәзірагөйлiк бағытта дамыды. «Нәзира» - араб тілінде «Жауап» деген мағынаны білдіреді, яғни бір ақынның екінші ақынға жауабы. Ортақ тақырыпқа жазған ақындардың бір-бірімен шеберлік жарысы. Ол кездегі ортақ тақырыптар – Құран хикаялары. Мысалы, бір «Жүсіп-Зылиханы» ондаған ақындар қайталап жаза берген.

Алтын Орда ескерткіштерінің ішіндегі «Қисас-ул әнбия» кітабына тоқталу.

Алтын Орда ескерткіштерінің ішіндегі қызықтыларының бірі - «Қисас-ул әнбия» (1310 ж. жазылған). Бұл кітап ежелгі шығыс ертегі-аңыздарының, мифтік сюжеттердің, шағын әңгіме-хикая, өлеңдер жинағы. Кітапта көне Вавилон мифологиясымен тамырласып жатқан көптеген қалыпты сюжеттер бар: дүниенің жаралуы, жерді топан су қаптауы, Адам ата мен Хауа ана оқиғалары.

- Миф ұғымы.

Алғашқы қауымдық қоғам адамдарының дүние, жаратылыс жайындағы түсінігін білдіретін, қалыптасқан әңгімелер. Мифтерде көптеген халықтарға ортақ сюжеттер бола береді. Мысалы: жер-дүниенің алты күнде жаралуы, Адам ата мен Хауа ана оқиғалары, топан су жайлы, т.б. әңгімелер. Мифте бір замандарда болып өткен оқиғаның шындық дәні сақталуы мүмкін. Мифтердің түркіше ең көне нұсқасы Рабғузиде екендігі туралы айтылады.

2. Мағынаны тану. Рабғузи кім?

1. Рабғузи – Алтын Орда дәуірі әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі. «Рабғузи қиссалары» (1310 ж.) – табиғат, дүние құбылыстары, жаратылыстың пайда болуы, халифтар, пайғамбарлар, Адам ата, Жер ана, Көк, Ай мен Жұлдыз, шайтан мен періште, т.б. туралы шығыстық сюжеттегі қисса-аңыздар, өлең-жырлар жинағы. Кітапта қоғамдық өмір, тарихи оқиғалар, ізгілік пен зұлымдық, адамгершілік пен жауыздық, достық пен қастық, т.б. жайындағы қисса-хикаялар, аңыз-әңгімелер бар.

«Рабғузи қиссаларына» енген «Нух алайка с-салам хикаялары», «Лұқпан Хаким хикаялары»,

«Харут пен Марут хикаясы», т.б. Мұнда барлығы 79 хикая бар. Солардың барлығын идеялық мазмұны жағынан үш топқа бөліп қарастыруға болады:

- Аллаһ Тағаланың Жер мен Көкті, адамзатты, хайуанаттар мен тау тасты, бүкіл әлемді жаратқаны туралы хикаялар;

- Пайғамбарлар, әулие-әнбиелер, сахабалар, тағы басқалардың өмірі мен іс-әрекеттері жайындағы аңыздар;

- Нижраның (мұсылман жыл санауы) алғашқы он жылы ішінде болған тарихи оқиғаларды бейне бір шежіре түрінде баяндайтын хикаялар болып келеді.

Мәселен, «Нұх ғалейхиссалам» деп аталатын хикаяда бүкіл жер бетін топан су басып кеткені, сонда Нұх Пайғамбар кеме жасап, әр түрлі жан-жануарларды сақтап қалу үшін олардың әрқайсысынан бір-бір жұптан кемеге салып жүргені, кемең түбін тышқан тескені, оны жылан бекіткені, т.б. әңгіме болады. Сондай-ақ, «Қиссаси Рабғузиде» Нұх, Ыдырыс, Ибраһим, Мұса, Дәуіт, Сүлеймен, Жүсіп, Жақып, Мұхаммед Пайғамбарлар (с.а.у.) туралы да қызықты хикаялар бар.

2. Мәтінмен жұмыс.

1-топ: Әңгіменің мазмұнын жүйелі түрде баяндайды; оқиға желісі бойынша сурет салады:

2-топ: Әңгімедегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді, жан-жақты сипаттайды;

3-топ: Рабғузи әңгімелерін қазақ ертегілерімен салыстырады.

3. Ой қорыту.

- Рабғузи әңгімелерін оқи отырып қандай шешімге келдің?

- Лұқман қандай адам?

- Неге Лұқман Хакім қойдың тілі мен жүрегін асып берді?

Тілдің қасиеті мен адамға тигізер зияны жайында қандай мақал-мәтелдер, даналардан шыққан сөздерді білесіңдер?

- «Жақсыдан үйрену, жаманнан жирену» деген ойды жинақтап, өз шешіміңді, алған әсеріңді айт.

4. «Бес жолды өлең» стратегиясы. Қиссалар рухани азығымыз екендігін ескеріп, инабатты да ибалы, қазақтың адамгершілігі мол ұрпағы боламыз!

5. Үйге тапсырма: «Адамгершілік-ізгі қасиет» тақырыбына ой-толғау жазу, адамгершілік жөніндегі мақал-мәтелдер жаттау.

6. Бағалау.

Ә.САПАРОВА,
№47 жалпы орта
білім беретін мектеп.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Орал қаласы

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ. «ҚАМАР СҰЛУ» РОМАНЫ

Мақсаты	«Қамар сұлу» романының мазмұнын терең біледі, шығармаға талдау жүргізе отырып, өзіндік ой-пікірін ашық айтады.
Күтілетін нәтижелер	С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы туралы жан-жақты біледі; Прозаны құрылысына, мазмұнына қарай талдауға машықтанады; Өзіндік пікірлері қалыптасады.
Сабақтың түрі	Жаңа білімді меңгерту.
Пәнаралық байланыс	тарих
Қолданылатын әдістер	«Уақыт шеңбері», «Ой шақыру», «Ойлаудың алты қалпағы», «Фишбоун» әдісі, еркін пікірталас.
Керекті жабдықтар	Оқулық, интербелсенді тақта, суреттер.

Сабақтың барысы:				
Сабақ кезеңдері	Уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау түрі
Кіріспе	2 мин.	Ұйымдастыру Оқушыларды түгелдеу.	Оқушылар «Қамар сұлу», «Кедей», «Туған еліме», «Алаш ұраны»	Ынталандыру сөздері
	8 мин.	Психологиялық ахуал туғызу. 2. Үй тапсырмасын тексеру. «Уақыт шеңбері» әдісімен С.Торайғыров шығармашылығы туралы білетіндіктерін ортаға салады.	«Туған еліме», «Алаш ұраны» қағаздарын суырып, 4 топқа бөлінеді, алтын ережемен танысады. Оқушылар «Уақыт шеңбері»	

			әдісімен үй тапсырмасын айтады.	
Тұсау-кесер	1 мин.	«Ой шақыру». Сөйлемдерді аяқтау. С.Торайғыров- акын, себебі, Ол- жазушы, себебі оның Олай болса, бүгін біздер «Қамар сұлу» романына талдау жұмыстарын жүргіземіз.	Оқушылар С.Торайғыровтың әр қырын сипаттап айтады.	басбармақ
Негізгі бөлім	15 мин.	Топтық жұмыс: 1-топ. Шығарманың композициялық құрылысын ретімен қою. 2-топ. Шығарманы сатылай кешенді талдау. 3-топ. «Тұжырым кестесі». 4-топ. Қамардың бақытсыз болуына кім, не кінәлі? «Фишбоун» жасау.	1-топ оқушылары шығарманың композициялық құрылымына қарай талдау жасайды. 2-топ оқушылары шығармаға сатылай талдау жүргізеді. 3-топ тұжырым кестесін толтырады. 4-топ оқушылары балық сүйегіне қаралатын мәселенің басты себептері мен дәлелдерін жазады. Топтан 1 өкіл шығып баяндайды.	«Екі жұлдыз, бір ұсыныс»
	10 мин.	«Ойлаудың алты қалпағы» бойынша тапсырма орындау. 1-топ (Ақ қалпақ) «Қамар сұлу» романы туралы ақпарат береді. (Сары қалпақ) «Қамар сұлу» романының идеясының жағымды жақтары, жетістіктері мен жақсылықтарын айтады. 2-топ (Қара қалпақ) «Қамар сұлу» романының кері әсері, жағымсыз жақтары.		

		<p>3-топ (Қызыл қалпақ) «Қамар сұлу» романынан алған әсер. Неге сенімдімін, неге көзім жетті?</p> <p>4-топ (Жасыл қалпақ) «Қамар сұлу» романынан туындаған жаңа идея, мүмкіндік. (Көк қалпақ) «Қамар сұлу» романы бойынша барлық қалпақтардың бағыттарын бақылау.</p>	Қалпақ түстеріне сәйкес өз пікірлерін ортаға салады.	Қол шапалақтау
Сергіту сәті	2 мин.	<p>«Қамар сұлу» романындағы кейіпкерлер портретін жасыру.</p> <p><i>1. Жіңішке сымға тартқан әні қандай, Балауыз балбыраған тәні қандай. Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп, Толықсып толып тұрған сәні қандай?</i></p> <p><i>2. Әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз мен были-были насыбай, ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық, бүйі секілді, түксиген, күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді».</i></p>	Оқушылар берілген үзіндіні оқып, кімнің портреті екенін табады.	Ынталандыру сөздері
Қорытынды	3 мин.	Еркін пікірталас. XX ғасыр басындағы қазақ қызы мен қазіргі		

		қазақ қыздарының жағдайымен салыстыр, қазіргі әйел адамының қоғамдағы рөлі қандай?	Оқушылар топ алдына шығып, өз ойын ашық білдіреді, қазіргі заманмен салыстырып, ой қорытындысын жасайды.	Қол шапалақтау
Рефлексия	2 мин.	Қазан, ет картоп, макарон суреті беріледі. Ет-маған бәрі ұнады, картоп-ұнамаған тұстары бар, макарон-мүлдем ұнаған жоқ.	Бүгінгі сабаққа өз бағасын береді.	Сабақтың қандай деңгейде өткені сарапталады.
Үйге тапсырма	1 мин.	«Қамар сұлу» романының мазмұны және шығарманы тіл ерекшелігіне талдау, қолданылған мақал-мәтелдерді жазу.	Оқушылар күнделіктеріне жазып алады.	
Бағалау	1 мин.	Мұғалім қорытынды бағаны өзі қояды.		

Ұ.ЖҰПБОЛОВА,
№47 жалпы орта білім
беретін мектеп.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Орал қаласы

ҚОЖА АХМЕТ ЙАССАУИ ХИКМЕТТЕРІ

Жалпы мақсаты	Қожа Ахмет Йассауи өмірі, шығармашылығы туралы түсінік беріп, хикметтерін меңгерту.
Күтілетін нәтиже	А. Хикметтері туралы біліп, түсінеді. В. Хикметтерін өзара салыстырып, талдайды. С. Хикметтеріне өзіндік баға беріп, қорытынды жасайды.
Қажетті жабдықтар	Оқулық, флипчарт, маркер.

Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару: - амандасу. - түгелдеу. Топқа бөлу. Үй тапсырмасын тексеру: - Әбу Насыр Әл Фараби «Қашықтасың, туған жер» өлеңі. «Бинго» әдісімен өткен тақырыптарды қорытындылаймыз. Бекіту. 1. Әл Фараби шығармашылығының ерекшелігі. 2. Қандай ой түйдіңіз?	- амандасады, кезекші оқушылардың сабаққа қатысы туралы мәлімет береді. - төрт топқа бөлінген. . Оқушылар топтасып тапсырманы орындап, барлығын дұрыс тапқан оқушы «Бинго» деп айтады. - Үй тапсырмасы бойынша өз-өзін «Басбармақ» әдісімен бағалайды. Оқушылар өз ойларын айтады.
Тұсаукесер	Интербелсенді тактадан «Білім лэнд» сайтынан Йассауи өмірі жайлы бейнекөрініс көрсетіледі.	Оқушылар мұғаліммен бірлесе отырып сабақ мақсатын анықтайды.

	<p>-Бұл бейнежазбадан не байқадыңыз? - Йассауи туралы не білесіздер? Сабақ мақсатын анықтау: - Бүгінгі жаңа сабақта қандай жұмыстар жүргіземіз? Табыс өлшемдерін анықтау: - Хикметтердің ерекшеліктерін анықтау үшін қандай жұмыстар жүргіземіз?</p>	<p>- мұғалім көмегімен табыс өлшемдерін анықтайды: 1. А.Йассауи өмірі, хикметтері туралы біліп, түсінемін; 2. Хикметтерді салыстырып, талдаймын; 3. Хикметтердің құндылығын анықтап, баға беріп, қорытындылаймын. 5-минут</p>
Негізгі бөлім	<p>Түсіну. «Шынжыр» әдісі арқылы хикметтерді мәнерлеп оқып, мазмұнын ашады. Талдау сұрақтары: 1. Ахмет Йассауи өмірі туралы не білдіңдер? 2. Ғұмырдың мәңгі еместігі, өмір сүрудің мәні өлеңде қалай суреттелген? 3. Өз дәуірі, өз заманы туралы қандай ой айтады? 4. Адам бойындағы қандай ізгі қасиеттерді дәріптейді, қандай өсиет айтады? Тілшілер. Талдау. 1-топ. Хикметтерге сатылай кешенді талдау жасайды. Сарапшылар. Салыстыру. 2-топ. Хикметтерді Абай шығармаларымен салыстырады. Зерттеушілер. Қолдану. Хикметтердің зерттелуі, басылымдары туралы баяндайды. Әдебиетшілер. Жинақтау «Киелі сол екі су жағасына, Болмаса барсаңшы іздеп бабаң бейігін...» тақырыбына ойтолғау жазу. Бағалау. Қожа Ахмет Йассауи хикметтеріне қандай баға бересіңдер?</p>	<p>Өлеңді кезекпен-кезек мәнерлеп оқиды. Оқушылар мәтін мазмұнынан дәлелдемелер келтіре отырып, хикметтердің мазмұнына талдау жасайды. - Оқушылар топ ережелерін сақтап, топпен жұмыстанып, постер дайындап, қорғайды. - Топтық жұмыс өнімдерін – постерді өзара «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісімен бағалайды.</p>

<p>Корытынды</p>	<p>«Ойлаудың алты қалпағы» арқылы корытындылау.</p> <p>Бүгінгі тақырып бойынша оқушылар қара қалпақ-жағымсыз, сары қалпақ-позитивті, қызыл қалпақ- сезімге әсер еткен, көк қалпақ- корытынды айтады.</p> <p>Сұрақ-жауап:</p> <p>- Қожа Ахмет Йассауи шығармаларының бүгінгі таңда маңызы бар ма?</p> <p>- Хикметтердің құндылығы неде?</p> <p>Рефлексия:</p> <p>Бас Жүрек Қол</p> <p>Табыс өлшемдеріне қайта оралу:</p> <p>- 1-3 оқушы оқиды.</p> <p>- Сабақ қорытындысы бойынша оқушыларға ынталандыру сөздерін айту.</p> <p>Бағалау өлшемдері бойынша оқушыларды бағалау.</p> <p>Иманды адам күн секілді. Күн бойынан жылу мен жарық бөліп, жер бетін нұрландырып, жан бітіреді. Кемеңгер бабамыз өз заманының шындығымен қоса, өз өмірінің бүкіл болмысын, ғұмырлық тәжірибесін, ізденістері мен құлшыныстарын өлеңдік өрнекпен, ғұламалық тереңдікпен, шын мұсылмандық ұғыммен айтып отырған. Түркістандық ғұламаның «Даналық кітабын» тек әдеби шығарма деу аздық етеді.</p> <p>Үйге тапсырма: Хрестоматиядан хикметтерді жаттау.</p>	<p>Оқушылар сабақтан алған әсерлері бойынша өз пікірлерін айтады.</p> <p>Сабақта қол жеткізген жетістіктеріне байланысты табыс өлшемдерін айтады.</p> <p>Оқушылар «Бас. Жүрек. Қол» арқылы кері байланыс жасайды.</p> <p>Оқушылар үй тапсырмасын күнделіктеріне жазып алады.</p>
------------------	--	--

М.САНСЫЗБАЕВА,
№ 92 Махатма Ганди атындағы
мамандандырылған лицей.
 Алматы қаласы

ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ. **«ҚАЖЫМҰҚАН» ХИКАЯТЫ**

Таным деңгейлері	Танымдық мақсаты	Оқытудың мақсаты	Тәрбиенің мақсаты	Дамы-тудың мақсаты
Мен танысамын...	Комбинация	Қатыстыру	Тарату	Ұстаным
Кім ?Не?	Ұлттың мақтанышына айналған «Қажымұқан» туралы білгенін жаңғырта отырып толықтырады. Қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы Қажымұқан туралы білгенін іздену арқылы толықтырады.	Сұрақтарға жауап бере отырып өзіндік мысал келтіру шеберліктерін қалыптастырады.	Қажымұқанның тұлғалық асыл қасиеттерін білдіретін сөздердің әдеби теориялық мағынасын ашу арқылы ұлттық мінез болмысындағы тұлға қалыптастырады.	Теориялық білім мен тәрбиелік мазмұнды ұштастыру арқылы өмірлік ұстанымын, қағидаларын қалыптастырады.
Мен талдаймын... Неге? Не үшін?	Трансформация	Қолдану	Реттеу	Көзқарас
	Халқымыздың салауатты өмір салтын ұстану ерекшелігін талдау және өмірде дұрыс қолдана білу шеберліктерін қалыптастырады.	Сатылай кешенді талдау арқылы біліктілік дағдыларын, шеберлігін қалыптастырады.	Адамның ішкі құндылықтарының негізінде мәдени құндылықтарға тәрбиелейді.	Спорт пен еңбектің адам өмірінде алатын орны туралы өзіндік тұжырым жасайды.

Мен салыстырамын... Қалай? Қандай? Қаншалықты?	Ауыстыру	Түсінік	Байқалу	Пікір
	Әдебиет теориясы туралы ұғымдарын молайта отырып олардың жасалу жолдарын меңгертеді.	Спорт-құдіретті күш екенін түсінеді.	Еңбектену, оқу, үйрену, шынығу, жаттығу сияқты қасиеттерді салыстыру арқылы жақсыны игеруге, жаманнан жиренуге тәрбиелейді.	Хикаяттағы көркем образды талдау қолданылу ерекшелігіне үңіле отырып өзіндік пікір білдіреді.
Мен қатар қоямын... Қайда? Қашан? Немі? Қалай?	айта жаңғырту	Елестету	Тану	Әсер
	Құдай берген күш, табиғи дарынның ерекшелігін қатар қою арқылы мағынаны танытады. Париж аренасындағы қазақ палуаны-Қажымұқан	Метасызбаны толтырады. Спорттың адам өміріндегі ерекшелігін меңгерту. Мысал келтіру дағдыларын қалыптастырады.	Адами қасиеттерді, т.б. қатар қоя отырып жан мен тән сұлулығының қалыптасуына тәрбиелейді.	Хикаятты талдай отырып сол арқылы ойлау жүйесін дамытады.
Мен бағалаймын неге?	Комбинация	Қатыстыру	Тарату	Ұстаным
	Жазушының қазақ палуанының ерлігін паш етуі	Шығарманың негізгі идеясын анықтау	Айтылған ойдан қорытынды шығара білу.	Теориялық білім мен тәрбиелік мазмұнды ұштастыру арқылы өмірлік ұстанымын, қағидаларын қалыптастыру.

Г.ТУРАЛИЕВА,
Қарабау орта мектебі.
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Қарабау ауылы

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

*(Ы.Алтынсаринның туғанына
175 жыл толуына орай)*

Мақсаты: ұлы ағартушы, тұңғыш қазақ елінде мектеп ашқан, алғашқы ұстаз Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы жайлы кеңірек мағлұмат беру; ағартушының еңбектеріне тоқтала отырып, өзіндік ізін қалдырған, өскелең ұрпақтың еш есінен кетпестей ұстаздық жолын арнап өткендігімен таныстыру. Оқушыларды әр істі ойланып ақылмен жасауға, кішіге қамқор болуға, ата - анасын сыйлап, құрмет тұтуға, еңбекқор болуға шақыру. Түрі: танымдық сабақ. Әдісі: топтастыру, «Біз танитын кейіпкер», видеокөрсетілім, «Мен де бір ой айтайын», «Бұлақ көрсең, көзін аш» айдары.

Көрнекілігі: «Ыбырай ізі – тәрбие көзі» кітап көрмесі, портреті, нақыл сөздер.

Жүру барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. (Оқушыларды бойлары арқылы «Педагогтар» және «Ақындар» деп топқа бөлу)

II. «Мен кіммін?» тренингін өткізу.

III. Мағынаны тану.

- Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі өткізгелі отырған танымдық сабағымыз қазақ даласында өмір сүрген, қазақ халқының данасы, дара ұстазы - Ыбырай Алтынсаринге арналмақ.

Бір Аллаға сиынып,


Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық!-

деп қазақ балаларын оқу-білімге шақырған Ыбырай атамыз. Біз ол жайында не білеміз?

1. Слайд арқылы қысқаша түсінік беру



Ы.Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған. Жастарды өнер үйренуге, оқып, білім алуға шақырған.

1841 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. 4 жасында әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балқожа бидің тәрбиесінде болады. 1850 жылы

Орынбор қаласында ашылған жеті жылдық орыс-қазақ мектебіне оқуға қабылданады.

Мектепті жақсы аяқтап, әрі қарай өз білімін туған халқының көзін ашу мақсатына арнамақ болады. 1864 жылы көптен күткен арманы орындалып, мектеп ашылады да, өзі сол мектепте мұғалім болады.

Ы.Алтынсаринның Н.И.Ильминскийге жазған хатынан *«1864 жылы қаңтардың 8-і күні менің көптен күткен арманым орындалып, Торғай қаласында мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Бала оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай тиістім»*.

2. Ы.Алтынсарин туралы деректі фильм көрсету.

IV. «Біз танытын кейіпкер» кезеңі.

1. Оқушылар алдын-ала берілген Ы.Алтынсарин жайлы мәліметтерін ортаға салады.

2. Өлеңдерін жатқа айтады.

V. «Кітап – білім бұлағы»

1. «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы жайында айту.

Ағартушы мектептерге қазақ оқулықтарының қажеттігін түсініп, 1876 жылдан бастап “Қазақ хрестоматиясы” оқулығын жазуға кіріседі. “Қазақ хрестоматиясы” 1879 жылы Орынборда басылып шықты. Оқулық шыққан қарсаңда Қазақстанда қазақ тілінде ешқандай оқулық болмаған. Ол

әдебиетті бала санасына әсер ететін, оны жақсы, өнегелі істерге үйрететін мықты құрал деп атап көрсетті.

«Қазақ хрестоматиясына» енген тақырыптар мынадай бөлімдерден тұрды.

а) Балалар өмірінен алынған әңгімелер. Бұлар түрлі орыс хрестоматиясынан, көбінесе И.Паульсонның хрестоматиясынан алынды.

ә) Әр түрлі жинақтардағы адамдар өмірінен алынған әңгімелер.

б) Қазақ ақындарының ең таңдаулы өлең-жырларынан үзінді.

в) Қазақтың мақал-мәтелдері.

2. Ақынның мақал-мәтелдері, жұмбақтарына тоқталу.

3. Сол кітапқа енген Ыбырай атамыздың әңгімелері жайлы.

Ыбырай әңгімелері

Еңбек пен өнер тақырыбына арналған әңгімелері	Адамгершілік тақырыбына арналған әңгімелері
«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Қыпшақ Сейітқұл», «Лұқпан хакім», «Зеректік», «Білгеннің пайдасы», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?», «Салақтық» т.б.	«Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Алтын шекілдеуік», «Сауысқан мен қарға», «Бір уыс мақта», «Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Таза бұлақ», «Жамандыққа - жақсылық», т.б.

«Әке мен бала» әңгімесі туралы оқушыларға

мультфильм көрсетіп, әңгіменің тақырыбы мен негізгі ойын сұрау.

VI. «Мен де бір ой айтайын» айдары. Оқушылардың ой-пікіріне кезек беру.

(Қай шығармадан алынған, тақырыбы, идеясы?)

1. Әкем айтушы еді: «елді жердің ұрысы, далалы жердің бөрісі болады» деп. Ұйықтамай, отқа күндізгі алған балығын пісіріп, ермек етіп отыра берді; естуі бар еді: от жағып отырса, қасқыр келмейді-міс деп. Қарап отырса, бір мезгілде бір топ киік келді.

Сонда оның ойына әкесінің сөзі түсті: далада жүріп адассаң, молалы жерде су болады, сулы жерде ел болады дейді екен. Сол ақыл бойынша олар молаға қарай жүрді. Молаға жақындап келгенде, қаңқылдаған қаздың даусы шықты.

(Бай баласы мен жарлы баласы)

2. Сонда атасы айтты: – Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған үлгі. Олар маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етеді. Бірі тамақ аулап, бірі балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де еңбек етуге әдеттен.

(Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш)

3. – Әже, осы қиқымның еш нәрсеге керегі бола қалмас, – дейді.

Шешесі:

– Балам, сол да жерде қалмайды, – деді. Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп алып, ұшып кетті.

(Бір уыс мақта)

VII. «Бұлақ көрсең, көзін аш» айдары.
(Шығармашылық жұмыс)

«Педагогтар» тобы: «Тәрбие бағу-қағудан басталады» тақырыбына шығарма жазу.

«Ақындар» тобы: «Ыбырай салған ізбенен» тақырыбына өлең шығару.

Бекіту

Ыбырайдың мақсаты	Біздің мақсатымыз
Халқына адал қызмет ету. Қазақ халқын, жастарын сауатсыздықтан құтқару. Білімді, еңбекқор болуға, адамгершілікке баулу.	Ыбырай әңгімелерін меңгеру. Адамгершілікті ту етіп ұстау. Еңбекқор болу.

М.ЕРМЕНТАЕВА,
Жайық негізгі жалпы білім
беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Жайық ауылы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты:

а) білімділік: оқушыларға қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы туралы мәлімет беру, ақынның өмірбаянына тоқталу, ақынды әр қырынан аша білу, бұрынғы Абай туралы білімдерін тереңдету;

ә) дамытушылық: оқушылардың сөздік қорын, сөз байлығын дамыта отырып, сабаққа, ақынға деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру;

б) тәрбиелік: қазақ халқының мәдениетін қастерлеуге, туған жерді сүйуге, отбасын қадірлеуге тәрбиелеу, әнге сүйіспеншілікті ояту.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ.

Көрнекілік: слайдтар, үлестірмелі карточкалар, Абайдың «Қара сөздері», М.Әуезовтің «Абай жолы» кітаптары.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: С ұ р а қ - ж а у а п , талдау, баяндау, түсіндіру, өлең оқу.

Күтілетін нәтиже:

1. Абай туралы білетін деректермен бөліседі.
2. Ақын өмірі мен шығармашылығымен кең танысады.

3. Абай шығармашылығына талдау жасай алады.

Не арқылы бағаланады?

- Жұптық тергеу.
- Семантикалық карта.
- Талдау парағы.
- «Ақиқат, жалған» кестесі.

Сабақтың барысы:

- I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. «Өзгерісті тап» тренингі.

Абай өлеңі арқылы екі топқа бөлу.

«Қыс»

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды.
Ұшадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.*

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Қай кезеңдегі әдебиет өкілдері туралы өткен сабақтарымызда әңгімеледік?

Жұптарға берілген деректер бойынша ілінген

дұрыс жауапты табады.

I жұп. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты ақын өлеңдерінің мазмұндық желісін құрайды. Ендігі жерде «сауыр жерден айырылып, қазақ елі жұқарды. Заманға сай адамы – қу заманға сұм басшы сорымызға тап болды» деп күйзеледі. Өлеңдері Қазан қаласында басылып шықты. (Дулат Бабағайұлы)

II жұп. Отанын, халқын сүйген патриот ақын екенін оның өлеңдерінің мазмұнынан анық көреміз. Халықты езіп отырған хан, сұлтан, би-төрелерге найзасын да, өткір тілін де қоса жұмсады, халықты қарсы қарулы күреске шақырды. Жыраулар поэзиясының «мендік» дәстүрін жалғастырған ақын. (Махамбет Өтемісұлы)

III жұп. Қазақ тарихында отаршылдыққа қарсы көтерілістің тарихи маңызы ерекше. Бұл көтерілістің үш жүздің аумағын қамтуы және ол көтеріліске үш жүздің әскері қатысуы оның маңазын арттыра түседі. Жырау көтеріліске өзі қатысып, көзі көрген оқиғаларды жырға арқау еткен. (Кенесары-Наурызбай жыры. Нысанбай жырау)

IV жұп. Шығармаларының тақырыбы – заман, қоғам, халық тұрмысы, ел өмірі, талауға түскен жер, қоныс мәселесі, отаршылдар мен жергілікті әкімдердің озбырлығы, жаңа қарым-қатынастан туындаған тонаудың жаңа түрлері, сатқын ел

билеушілердің әділетсіздігі. Өлеңдерінде үлгі боларлық өсиет-нақыл сөздер көп кездеседі. (Шортанбай Қанайұлы)

Семантикалық карта (оқушылар жеке орындайды)

Оқиғалар	1879 ж	1859	1864 ж	1850	1887	1860
Ыбырай орыс-қазақ мектебіне қабылданды			+			
Ыбырай ашқан мектепке 14 қазақ баласы қабылданады.		+				
«Қазақ хрестоматиясы» жарық көрді	+					
Ырғызда қыздарға арналған мектеп-интернат ашылды	+					
Орынборда тілмаштық жұмыс атқарды		+				
Мұғалім болып, бала оқытады					+	

Көршілерімен ауыстырып тексереді.

III. Жаңа сабақ.

«Миға шабуыл» әдісі.

Алаштың айтулы ақыны Мағжан Жұмабаев Абайға «Шын хакім сөзің асыл баға жетпес, бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес» деп баға

берген. Біздің бүгінгі сабағымыз қазақтың бас ақыны А.Құнанбайұлы ағамыздың өмірі мен шығармашылығы жайлы.

Слайд көрсету. 3 минут

Оқушыларға деректер таратылып, постер дайындайды (топпен жұмыс

Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы білмейтін қазақ жоқ шығар. Қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезов «Абай – қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп баға берген еді.

Екі топтан топ басшылары ауысып, келесі топқа түсіндіреді.

Абай сынаған 7 мақал (29 сөзінде). Оқушылар дәптерлеріне жазады.

«Жарлы болсаң, арлы болма»

«Қалауын тапса, қар жанады»

«Сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ»

«Атың шықпаса, жер өрте»

«Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол»

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды»

«Ата-анадан мал тәтті»

IV. Жаңа сабақты бекіту.

Кестемен жұмыс.

Ақпарат	Ақиқат	Жалған
Абайдың шын есімі Ибраһим	+	
Абай өлеңдерін 15 жасынан бастап жариялаған		+
Абай қарапайым шаруа отбасынан шыққан		+
Алты ай «Приходская школада» орысша оқиды.		+
Өлеңдерін досының атынан жариялап жүрген	+	
Шығыс ақындары Низами, Сағди, Физули, Хафиз шығармаларымен танысады	+	
Абай шығармалары бес саладан тұрады		+
45 кара сөзі бар	+	

V. Сабақты қорытындылау: (5 минут)

Жаңа сабақты талдау, сұрақтарға жауап беру.

Не сәтті өтті? Неліктен?	Не сәтсіз өтті? Неліктен?	Сабақта кездескен қиындықтар

VI. Бағалау: бағалау парақтары бойынша.

VII. Үйге тапсырма беру. А.Құнанбайұлының өмірбаяны мен шығармашылығы бойынша реферат дайындау, бір өлеңін жатқа айту.

М.МҮСІЛІМ,
Жаңашаруа қазақ
орта мектебі.
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Қоныстану ауылы

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ.
«ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ»
(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік-оқушыларға сұрақтар мен тапсырмалар бере отырып, шығарманың мазмұнын, тақырыбы мен идеясын ашу; дамытушылық-ойларын нақты дәл жеткізе білуге дағдыландыру, сөйлеу тіліне, сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу, дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-оқушылардың туған жеріне, ата-мекеніне сүйіспеншілігін ояту, патриоттық сезімін қалыптастыру.

Түрі: көркемдік-иллюстрациялы, проблемалық.

Әдіс-тәсілдері: «Ойталқы», іздену, сұрақ-жауап, шығармашылық.

Сабақта қолданылған технология: Сын тұрғысынан ойлау жүйесінің элементтері, сатылай кешенді талдау, Блум таксономиясы.

Көрнекілігі: көркем әдебиеттер, бейнелі суреттер (слайд).

Пәнаралық байланыс: география, этнопедагогика, тарих, саз.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды түгелдеу, жалпы дайындық.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Қ.Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады».

Әңгіменің мазмұнын меңгеріп келу.

III. Жаңа сабақ.

Білу. Жазушы туралы не білетіндіктерін айқындау мақсатында «Жазушы туралы мәліметті» толықтыру.

Туған жылы (1936)

Туған жері (Шығыс Түркістан Қытай Халық Республикасы)

Бітірген оқу орны (Қазақ Мемлекеттік университеті, қазақ тілі мен әдебиеті факультеті)

Шығармалары («Соңғы көш», «Тағдыр», «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романы, т.б.)

Қ.Жұмаділов туралы зерттеу еңбек жазған жазушы (Әкім Тарази)

Түсіну. Әңгіме мазмұнын ашу, тақырыбы, идеясын ұғыну сұрақтары:

1. Жолға шыққан қарт қайда сапар шегіп келеді?

Оның сапар шеккеніне неше күн өтті?

2. Асудың ұшар басының табиғаты қандай екен?

3. Қарттың жол азығы қандай?

4. Неліктен жолаушы қиын да болса төте жолды

таңдады?

5. Құғыншыдан қауіптенбей, жолаушының көкжалдан қорқуы неліктен? Қарт көкжалдан қалай құтылды?

6. Өзеннен өтіп демалып отырғанда адамның қу басын көрген ол құдайға не деп жалбарынды?

7. «Өрттен қалған қу томардай болып жалғыз қалдым» деуінің мәнісі не?

8. Қарттың басты өкініші неде деп ойлайсың?

9. Немересімен үйрек атуға барғанда қаздар туралы айтқан әңгімесінің түйіні не, қарт күрсінісі нені аңғартады?

10. Неліктен жолаушы шекара сызығын қыл көпірдей сезінді?

11. Туған жер топырағын аттаған қарттың сезім күйін, сағынышын, қуанышын автор қалай суреттеген?

12. Байтас қартты туған жерге жетелеген қандай құдірет, қандай күш?

13. Әңгіме неліктен «Қаздар қайтып барады?» деп аталады?

14. Қарттың қырық жыл бойы сақтаған бойтұмары туралы өз ойың мен көзқарасың қандай?

Берілген тірек сөздер (слайд) бойынша әңгіме мазмұнын баяндап шығу.

Тау іші. Иен жайлау. Жалғыз жортқан жолаушы. Етікші асуы.

Қариядан қалмаған қорқау қасқыр.

Тентек Халдай.
Жолаушы қаздар. -Ата, мына қазды атайықшы...
Сарбаздар келіп айдап әкетті...келсе...
Айнабұлақ. Ата-баба зираты. Аятты осы арадан-
ақ бағыштайын...
Ескі қыстаудың орны. Тұмар. Ит жетектеген
шекарашылар
Қолдану. Төмендегі сөздерге өз сөзіңмен түсінік
бер:
Титығы құру –
Таңдай жібітіп, талшық қып келе жатқаны –
Көзі шарадай жану –
Қан қақсау –
Бармағын шайнау –
Тілі аузына сыймау –
Жігері құм болу –
Ет жүрегі езілу –
Қайырымы тию –
Тырнағын жібіту –
Жыртылып айрылады –
Өзегі тала қоймаған –
Талдау. Әңгіме құрылысына талдау жасау:
Басталуы – Жалғыз жортқан жолаушы, жолда
көрген қиыншылықтар
Байланысы – Ойға оралған өткен күн немесе
жалғыз немере Төлеутай
Оқиғаның дамуы – Кінәсіз тағылған айып,
күтпеген қасірет

Шарықтау шегі – Қырық жыл бойы көкірек
түкпірінде жатқан ұзақ сыр

Шешімі – Тұмардағы бір уыс қиыршық тастың
туған жер топырағына түсуі

Идеясы – Отан оттан да ыстық.

Сатылай кешенді талдау.

Жинақтау. Бейнелі сөз тіркестерін ізде және нені
бейнелейтінін жаз:

Бейнелі сөз тіркестері, сөйлемдер нені
бейнелейді?

1. Жаз жәрмеңкесі тарап, қоңыр күз қонақтаған.
2. Қарт сезімі бұрауы жеткен домбырадай
тырсылдап, шертіп тұр. Жаз өтіп, күз келгені
3. Жыртқыш аңдай өкіріп, долдана ағып жатыр.
4. Өне бойы ағаштай сіресіп қалыпты.
5. Сай-сала үңірейіп, жұтып қоятындай болып
тұр.
6. Тағы бір түн қанатын жайып келе жатты.
7. Өрттен қалған қу томардай болып қалды.
8. Ауылдастарының тырнағын жібітіп, сорпа -
судан кенде қылған емес.
9. Бейне бұрауы таусылған ойыншықтай буын -
буыны босап, өне бойы салдырап бос қалды.

Тағдыр талайымен жер шарының түкпір
- түкпірінде, атап айтқанда, 55 елінде біздің
қандастарымыздың жүргендігін «Көші-қон
демографиясы» зерттеген екен.

Қандастар

АҚШ - та 14 000

Украинада 15 000
Түркияда 25 000
Тәжікстанда 10 000
Иранда 12 000
Өзбекстанда 1550 000
Моңғолияда 100 000
Ресейде 740 000
Қырғызстанда 45 000
Қытайда 1 500 000

- Балалар, «Өз елің – алтын бесігің» демекші, қанша жыл өтсе де елі мен жеріне деген сағынышын жүрек түкпіріне сақтап, қайтсе де елге оралуды аңсаған қандастарымыз елге оралуда. Мұртаза Бұлытай, Шұғыла Сапарғалиқызы, Майра Мұхаметқызы сынды азаматтарымыз қазіргі таңда бойындағы бар күш-жігерлерін туған елді көркейтуге жұмсауда.

I құрылтай - 1992 жылы 29 қыркүйекте Алматыда;

II құрылтай - 2002 жылы 23 қазанда Түркістанда;

III құрылтай - 2005 жылы 29 қыркүйекте Астанада;

IV құрылтай - 2011 жылы 25-27 мамырда Астанада өтті. Ендеше, балалар, туған жерге сүйіспеншілігімізді білдіру мақсатында сабағымызды Т.Молдағалиевтың «Қаздар қайтқанда» әнімен қорытайық.

Бағалау. Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: «Туған жердей жер болмас» тақырыбында шығарма жазып келу.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

А.ТУРДАЛИЕВА,
«Қосағаш» жалпы орта мектебі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Қазығұрт ауданы

ТӨЛ СӨЗ БЕН ТӨЛЕУ СӨЗДІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Сабаққа негізделген оқу мақсаттары	Төл сөз бен төлеу сөздің айырмашылығын меңгерту. Өткен тақырыппен байланыстыра отырып, жеке ой-пікірінің құндылығы арттыру.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:
	Төл сөз және төлеу сөздің айырмашылығын біледі.
	Оқушылардың басым бөлігі: Төл сөз бен төлеу сөзді бір-бірінен ажырата алады.
	Кейбір оқушылар: Өткен тақырыппен байланыстырады. Оқушының жеке ой-пікірінің құндылығы артады. Ақпараттарды қабылдайды, талқылайды, сабақта қолдана алады;
	Пәнге тән лексика мен терминология: төл сөз бен төлеу сөз – прямая и косвенная речь, диалог.
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:
	Талқылауға арналған тармақтар: Төл сөз бен төлеу сөздің айырмашылығын салыстыру.

	Сіз төл сөз бен төлеу сөздің айырмашылығын айта аласыз ба?	
	Себебі: Төл сөзде біреудің сөзінің ешбір өзгеріссіз, дәл сол айтылған күйінде жеткізсе, ал төлеу сөзде төл сөздің айналасында берілген жазушының (сөйлеушінің) өз сөздері жеткізіледі.	
	Жазылым бойынша ұсыныстар: жаттығуларды шарты бойынша орындап, төл сөзді төлеу сөзге айналдырып, айырмашылығын талдап түсіндіру.	
Алдыңғы тақырып	Төл сөз бен төлеу сөз туралы түсінік.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу. Оқушыларды топқа бөлу, топтық ережені сақтаймыз. Сыныпта жағымды атмосфера орнату мақсатында оқушыларға бойларын түзетіп, күлімдей отырып, үш шапалақ жасап, бір-біріне сәттілік тілектерін айтқызамын.</p> <p>1. «Төл сөз» тобы. 2. «Автор сөзі» тобы. 3. «Төлеу сөз» тобы. Әр топ өз аттарына түсініктеме береді. Үй тапсырмасын тексеру. «Дәрігер» әдісімен бір-бірін тексереді. (Төл сөз бен автор сөзіне көркем шығармадан мысалдар жазу) Тұрдалы Баян дәрігер болып, сөздік қолданысына медбикенің сөздерін пайдаланды:</p>	

	«Мен «Сенбі» ауылдық ауруханасының медбикесімін, менің емделушім Балабек Эльмира. Оның дәптерінде үй тапсырмасы дұрыс орындалған, дәптері таза, сырты толтырылған, тек тыныс белгіден қателерге жол берген..... Оған дәрумендер беру арқылы көмектесу керек. Бірыңғай мүшеге байланысты тыныс белгілерді қайталау керек.»	Бағалау парақшалары
Ортасы	«Ойлан, бірік, бөліс» әдісі. Слайд арқылы түсіндіріп өтемін. Төл сөз бен төлеу сөздің айырмашылығын меңгерту мақсатында 1-2-топтарға «Венн диаграммасы» әдісі арқылы постер қорғату. 3-топқа «Төл сөз», 4-топқа «Төлеу сөз» «РАФТ» әдісі арқылы қорғауға тапсырма беремін. («Мен» дегенді негізге ала отырып шығармашылық жұмыс жасайды.) Постер қорғайды. Тақырыптар бойынша сыныпта талқылау жүреді. Жаттығулармен жұмыс. 162-жаттығу. Берілген төл сөздерді төлеу сөзге айналдырыңдар. (алгоритмдік деңгей)	Жұмыс дәптерлері, оқулық, қарындаш, флипчарт, проектор, өрмекші торы, көбелектер.

	<p>Жоңғарды жеңген Абылай рушылдықты жеңе алмай: «Бірінші арманым - үш жүздің басын қоса алмадым. Екінші арманым - еліме мал емшегін емес, жер емшегін емізе алмадым. Сондықтан да үшінші арманым – бірлік болмаған соң, елімнің ертеңгі еркіндігіне толық көзім жетпейді. Сол - өкініш», - деп кетті.</p> <p>Жоңғарды жеңе алмаған Абылай бірінші арманы үш жүздің басын қосу, екінші арманы еліне мал емшегін емес, жер емшегін емізу содан кейін үшінші арманы бірлігі болмаған елінің ертеңгі еркіндігіне толық көзі жетпейтіндігін, сол оны өкіндіретіндігін айтты.</p> <p>«Өрмекшінің торы» әдісі арқылы оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы көбелектерді өрмекші торынан құтқарып алады, егер сұрақтарға жауап бере алмаса құтқара алмайды.</p> <p>1-көбелек.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Төл сөз дегеніміз не? 2. Қатша қайнысының қаңбақтай болып қаусап қалғандығын айтты. 3. Қай шығармадан? 4. Төл сөзге айналдыр. <p>2-көбелек.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Диалог дегеніміз не? 2. Диалогқа мысал келтір. 3. Оны төлеу сөзге айналдыр. <p>3-көбелек.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Автор сөзі не үшін қолданылады? 2. «...Ат арыса – тулак», - деп Қатша қайнысын ұққан жай білдірді. 3. Қай шығармадан? 4. Төлеу сөзге айналдыр. 	
--	--	--

	<p>4-көбелек.</p> <p>1. Автор сөзі дегеніміз не?</p> <p>2. Адамдарға ана керек екендігін, анасыздар аң сияқты күн кешетінін айтты.</p> <p>3. Қай шығармадан?</p> <p>4. Төл сөзге айналдыр.</p> <p>5-көбелек.</p> <p>1. Төл сөз дегеніміз не?</p> <p>2. - Ботасы өлген боз інген, - деп күбірледі Естеміс.</p> <p>3. Қай шығармадан?</p> <p>4. Төлеу сөзге айналдыр.</p> <p>6-көбелек.</p> <p>1. Төлеу сөз дегеніміз не?</p> <p>2. «Айналайын, туған жер, сені де көретін күн болады екен-ау!» - деп тұншыға күбірледі.</p> <p>3. Қай шығармадан?</p> <p>4. Төлеу сөзге айналдыр.</p> <p>7-көбелек.</p> <p>1. Төл сөз дегеніміз не?</p> <p>2. - Ата, мына қазды ағайық,- деді Төлеутай қуанып.</p> <p>3. Қай шығармадан?</p> <p>4. Төлеу сөзге айналдыр.</p> <p>8-көбелек.</p> <p>1. Автор сөзі дегеніміз не?</p> <p>2. Төл сөзге мысал келтір.</p> <p>3. Келтірген мысалыңды төлеу сөзге айналдыр.</p>	
Аяқталуы	<p>Кері байланыс: «4 себеп»</p> <p>Мен түсіндім, себебі</p> <p>Маған қиындық туғызды, себебі</p> <p>Мен өз тәжірибемде қолдана аламын, себебі</p> <p>Менің ұсынысым, себебі</p>	

	Қ.с	Табыс өлшемі:	Ия	Жок	Кері байланыс парақшалары Өзін – өзі бағалау парақшасы.
	1	Төл сөз бен төлеу сөзді ажырата аламын.			
	2	Төл сөз бен төлеу сөздің айырмашылығын білемін.			
	3	Төл сөзді төлеу сөзге айналдыра аламын.			
	4	Төлеу сөзді төл сөзге айналдыра аламын.			
	5	Өзіндік ерекшелігін тани аламын.			
Өзін-өзі бағалау. Үйге тапсырма: «Төл сөз бен төлеу сөз» тақырыбына ойтолғау жазу.					
Қосымша ақпарат: 8-сынып «Қазақ әдебиеті» оқулығынан диалогқа құрылған тақырыптарын қосымша оқып, талдап түсінуді (қайталау жасауды) тапсырамын.					
Саралау. -Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? - Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? Бағалау. - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Пәнаралық байланыс қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. Төл сөз бен төлеу сөзді тауып, ажыратуды, таба алуды меңгертуді, сөйлемге кешенді синтаксистік талдау жасауды жоспарлаймын.	Бағалау парақшасына бағалау өлшемдерін енгіземін. Топтық жұмыстарда оқушыларға өзін-өзі бағалау жасатамын.			8-сынып. «Қазақ тілі» оқулығы.	
5. Қорытындылау. Рефлексия. Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және нәтижесі не?	Сабақ мақсаты қол жетімді, нақты қойылған. Төл сөз және төлеу сөздің айырмашылығын, бір-бірінен ажыратуды білді. Төл сөзді төлеу сөзге, төлеу сөзді төл сөзге айналдыра алды. Оқушылар өздеріне сенімді болды. Қызығушылықтары жақсы, белсенді қатысып отырды. Шығармашылық дағдысын көрсете білді. Бір-бірінің қателіктерін өздері тауып, түзетіп отырды. Уақытты тиімді пайдалана алдым. «РАФТ» әдісін енгіздім, төл сөз бен автор сөзін мәтін ішінде қолдана алуға үйрету үшін.				

Ж.СЕҢГЕРБЕКОВА,
Жаңашаруа қазақ орта мектебі.
 Атырау облысы,
 Қызылқоға ауданы,
 Қоныстану ауылы

ТҰЙЫҚ ЕТІСТІКТІҢ ЕМЛЕСІ

(6-сынып)

Жалпы мақсаттар	1. Білімділік. Оқушылардың етістік туралы білімдерін тереңдету, тұйық етістік, оның жасалуы мен мағынасы туралы түсінік беру; 2. Дамытушылық. Ой-өрісін, танымын арттыру, өздігінен талдауға, ой қорытуға жаттықтыру; 3. Тәрбиелік. Аңғарымпаздыққа, белсенділікке баулу, өз-өзіне деген сенімін арттыру.	
Оқыту нәтижесі	Сабақтың типі: жаңа сабақ. Сабақтың түрі: оқыта үйрету. Әдіс-тәсілдері: топпен жұмыс, жеке оқушымен жұмыс, талдау, мәселелік ізденіс. Көрнекілігі: слайд, кесте, таратпа, мақал-мәтелдер	
Сілтеме	Қазақ тілі оқулығының әдістемесі	
Топқа бөлу	«Абай» тобы: Арттық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге.	«Ыбырай» тобы: Сауысканның тамағы, Шокуменен табылған. Өнер-білім бәрі де, Оқуменен табылған.
Оқушыларға психологиялық ахуал тудызу	- Балалар, бүгін біз бірінші рет шағтық шеңберіне жиналайық! Шеңберге тұрайық, достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап күлкімізді сыйлайық! -Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	
Үй тапсырмасын сұрау Қызығушылықты ояту, ой толғаныс	Тұйық етістік кездесетін сөйлем, мақал, нақыл сөздер жазу. - Екі көзің не үшін қажет? - Жақсыларды көру үшін. - Екі қолың не үшін керек?	

	<p>- Елге көмек беру үшін. - Құлақ деген не үшін керек? - Ақыл-кеңес тындау үшін. - Тіл мен жағың не үшін керек? - Ақиқатты айту үшін. - Ал аяғың? - Шетте жүрсем, туған жерге қайту үшін. Иә, туған жерге жету үшін екі аяғың қандай қажет болса, қазақ тілінің дәрежесінің жоғары болуына тұйық етістіктің де қосар үлесі зор. Семантикалық карта</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Мысалдар</th> <th>Өздік етіс</th> <th>Өзгелік етіс</th> <th>Ырықсыз етіс</th> <th>Ортақ етіс</th> <th>Есімше</th> <th>Көсемше</th> <th>Тұйық етістік</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td>Айтылды</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>Жаздыр</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>Көрген жоқ</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>Айтармын</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>Киіндім</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>Көрсеткізді</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>Сөйлесермін</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>Бастамаспын</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>келеді</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>жүру</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>Бару</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>Келген</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> </tbody> </table> <p>6 «Ә» сыныбының үндеуі. Тұйық етістіктерді пайдалана отырып, оқушы ережесіне лайық үндеу жазу.</p>	Мысалдар	Өздік етіс	Өзгелік етіс	Ырықсыз етіс	Ортақ етіс	Есімше	Көсемше	Тұйық етістік	Айтылды								Жаздыр								Көрген жоқ								Айтармын								Киіндім								Көрсеткізді								Сөйлесермін								Бастамаспын								келеді								жүру								Бару								Келген							
Мысалдар	Өздік етіс	Өзгелік етіс	Ырықсыз етіс	Ортақ етіс	Есімше	Көсемше	Тұйық етістік																																																																																																		
Айтылды																																																																																																									
Жаздыр																																																																																																									
Көрген жоқ																																																																																																									
Айтармын																																																																																																									
Киіндім																																																																																																									
Көрсеткізді																																																																																																									
Сөйлесермін																																																																																																									
Бастамаспын																																																																																																									
келеді																																																																																																									
жүру																																																																																																									
Бару																																																																																																									
Келген																																																																																																									
Мағынаны тану	<p><i>Оқы, ері, төк, тап, тақ, мақта, бер</i> етістіктерінен тұйық етістік жасаңдар, қандай өзгеріс байқадыңдар? Тұжырым жасау. Шақпен де, жақпен де байланысы болмай, тек қимылдың атауын білдіретін етістіктің ерекше түрін тұйық етістік деп атаймыз. Тұйық етістік етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына – у жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы, <i>сөйле - у, сен - у, айт - у, мақтану, берілу, ойлау, белгілеу, жалықпау, айтпау</i>. 1. Дауыссыз дыбыстарға біткен етістіктерге тұйық етістіктің – у жұрнағы дауысты болып жалғанады: <i>бар - у, қайт - у, көр - у, кел - у</i>. 2. Дауысты дыбыстарға біткен етістіктерге тұйық етістіктің – у жұрнағы дауыссыз болып жалғанады: <i>ойна - у, сөйле - у, барма - у, келме - у</i>. 3. Дауысты ы, і, дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің – у жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы ы, і, дыбыстары жазылмай, у дыбысының құрамына еніп кетеді де, ол, (у) дауысты дыбыс болып есептеледі.</p>																																																																																																								

	<p>Мысалы: оқы+у=оқу, тасы+у=тасу, ері+у= еру.</p> <p>4. Қатаң п, қ, к дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің – у жұрнағы жалғанғанда, түбір соңындағы п дыбысы б - ға қ, к дыбыстары ғ, г дыбыстарына айналады. Мысалы: тап+у=табу, үк+у=үгу, ақ+у=ағу.</p> <p>5. й дыбысына біткен етістікке – у жұрнағы жалғанғанда екі дыбыс й+у ю дыбысына айналып кетеді.</p> <p>Тұйық етістік есімдерше түрленеді, бірақ жіктелмейді</p> <p>Оңаша тәуелдену Оңаша тәуелдену</p> <p>I. Менің баруым I. Біздің баруымыз</p> <p>II. Сенің баруың II. Сендердің баруларың</p> <p>Сіздің баруыңыз Сіздердің баруларыңыз</p> <p>III. Оның баруы III. Олардың барулары</p> <p>Септік Тұйық етістік</p> <p>Атау с. бару</p> <p>Ілік с. барудың</p> <p>Барыс с. баруға</p> <p>Табыс с. баруды</p> <p>Жатыс с. баруда</p> <p>Шығыс с. барудан</p> <p>Көмектес с. барумен</p> <p>Тұйық етістік әрі заттық мағынада, әрі қимылдық мағынада қолданылады. Мысалы, <i>Оқтауды әперші. Мылтықты оқтау керек. Мектепте түрлі байқау болады. Әр адамның көңіл күйін байқау керек.</i></p> <p>Оқушылардың өздеріне топқа бөле отырып, әр топқа мысал келтірткізу.</p> <p>Оқулықтағы тапсырмаларды орындау.</p> <p>210-жаттығу (жазбаша)</p> <p>211-жаттығу (теріп жазу)</p>
Сергіту сәті	<p>1) Есімдерше тәуелденіп, септеледі, Бірақ жіктелмейді, көптеледі. Сөйтіп барып бар ғой Есім мағынасында қолданыла береді. Мұны кім дәлелдеп береді?</p> <p>2) Жеке тұрғанда зат есім, етістікке жалғанса жұрнақ. Ол қандай етістік жасайтын жұрнақ?</p>

Ой толғаныс	<p>Шығармашылық жұмыс. Берілген сөздерді әрі есім сөз, әрі етістік мағынасында қолданып, сөйлем құраңдар. Ою, байқау, сайлау, жақтау, октау, мақтау, тоқтау, тату, кою, бөлу, үндеу. Мына сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тұйық етістікті қойып жаз. Үй тапсырмасын уақытында ... керек. Мектепте, үйде және көшеде тәртіпті ... керек. Үлкендерге ... керек. Кішілерге ... керек. Қоғамдық жұмыстарға ... керек. Өнегелі ... керек. Әр сабаққа белсенді ... керек.</p>									
Үй тапсырмасы	Оқулықтағы тапсырмаларды орындау					Үй тапсырмасын білу, түртіп алу.				
Бағалау	Бағалау. Бағалау парағы бойынша топ басшыларының есебі									
	Бағалау өлшемдері: 0,1, 2									
	р/с	Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасы (ауызша)	Сұрақ-жауап	Семант карта	ереже	Жаттығу жұмысы	Оқушының бағасы	Мұғалімнің бағасы	Қорытынды баға

З.МАТАН,
Новоселовка орта мектебі.
Ақмола облысы,
Шортанды ауданы,
Новоселовка ауылы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

(9-11-сыныптар)

1. Дәркембай, Майбасар, Ұлжан, Телғара атты кейіпкерлер М.Әуезовтің қай шығармасында кездеседі?

- A) «Өскен орта»; B) «Қаралы сұлу»;
C) «Көксерек»; D) «Қилы заман»;
E) «Абай жолы».

2. «Бақытсыз Жамал» романының авторы кім?

- A) М.Әуезов; B) М.Мақатаев;
C) М.Жұмабаев; D) М.Дулатов;
E) А.Құнанбай.

3. «Қазақ» газетінің редакторы кім?

- A) Б.Өтетілеуов; B) М.Кәшімов;
C) М.Дулатов; D) М.Сералин;
E) А.Байтұрсын.

4. Бейімбет Майлинның әкесі кім?

- A) Байтұрсын; B) Мүсілім;
C) Жармағанбет; D) Бекен;

Е) С.Мұратбеков.

11. «Қыз Жібек» жырында ғашықтарға қастандық етуші қай кейіпкер?

- А) Базарбай; В) Қодар;
С) Сырлыбай; Д) Бекежан;
Е) Көкенай.

12. Шоқан жазып алған жыр:

- А) Қобыланды; В) Телағыс;
С) Манас; Д) Қарадөң;
Е) Алпамыс.

13. «Ана керек! О, адамдар, ана керек адамға, Анасыздар аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда»

өлеңінің авторын белгілеңіз:

- А) С.Мұратбеков; В) Т.Айбергенов;
С) М.Мағауин; Д) О.Бөкеев;
Е) Д.Исабеков.

14. «Менің шешем» әңгімесінің авторын табыңыз:

- А) Қ.Қазиев; В) М.Шаханов;
С) Н.Оразалин; Д) М.Мақатаев;
Е) С.Мұратбеков.

15. О.Бөкеев шығармасын белгілеңіз:

- А) «Гауһар тас»; В) «Сайтан көпір»;
С) «Қашқын»; Д) «Жабайы алма»;
Е) «Қонақтар».

16. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы кімдікі?

- А) Б.Бұлқышов; В) Т.Ахтанов;
С) Ж.Жабаев; Д) Қ.Аманжолов;

- A) Үсенбай; В) Сахари;
С) Жиенкүл; Д) Жаншөке;
Е) Бекбай.

22. Тұңғыш мектеп ашқан алғашқы ұстаз:

- A) А.Құнанбайұлы; В) Ш.Уәлиханов;
С) М.Дулатов; Д) Ы.Алтынсарин;
Е) М.Әуезов.

23. Кенесары, Қасым, Саржан, Ағыбайлар

I.Есенберлиннің қай шығармасының кейіпкерлері?

- A) «Жанталас» романы;
B) «Қаһар» романы;
C) «Алмас қылыш» романы;
D) «Ғашықтар» романы;
E) «Айқас» романы.

24. «Хан –халықтың қазығы,

Қараша-ханның азығы» деген нақыл сөз кімдікі?

- A) Төле би; В) Әйтеке би;
C) Қазыбек би Д) Майқы би;
E) Аяз би.

25. Жамбылдың сүйікті ұлының есімі кім?

- A) Нүрке; В) Алғадай;
C) Назар; Д) Дүйсекей;
E) Базар.

26. Д.Бабатайұлының өлеңін табыңыз:

- A) «Қамауда»; В) «Өзен»;
C) «Аягөз қайда барасың?!»;
D) «Еділ бол да, Жайық бол»;

Е) «Абайдың суретіне».

27. С.Сейфулиннің зерттеу еңбектері қай салада

жазылғанын анықтаңыз:

- А) Әдебиет теориясы; В) Қазақ фольклоры;
С) Қазақ тілі; Д) Психология;
Е) Педагогика.

28. Ж.Баласағұндың еңбегін көрсетіңіз:

- А) «Диуани лұғат ат-түрк»;
В) «Түркіше Гүлстан»;
С) «Құтты білік»;
Д) «Диуани хикмет»;
Е) «Күлтегін».

29. С.Бегалиннің Ш.Уәлихановқа арналған

туындысының атын табыңыз:

- А) «Бала Шоқан»;
В) «Ш.Уәлиханов»;
С) «Ариадна жібі»;
Д) «Аққан жұлдыз»;
Е) «Қашқарға саяхат».

30. Көкенай, Әнет баба, Байбөрі қай шығарманың

кейіпкерлері?

- А) «Қалқаман-Мамыр» поэмасы;
В) «Қамар сұлу» романы;
С) «Масғұт» поэмасы;
Д) «Ескендір» поэмасы;
Е) «Батыр Баян» поэмасы.

Ойын-ойдың өрісі

**А.КШИМОВА,
М.ТОҒАЙБАЕВА,**
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы

АҚЫННАН ӨЛМЕС ЖЫР ҚАЛҒАН

(Сағынғали Сейітовтің өмірі мен өлеңдері бойынша)

Мақсаты: жас оқырмандарға Ақ Жайық өңірінің көрнекті ақындарының бірі Сағынғали Сейітов өмірі мен шығармашылығынан жалпы мағлұмат беру, С.Сейітовтің поэзиясын таныту, ақынның шығармашылық мұрасымен сөз қадірін танытын ұл-қыздар тәрбиелеу.

Көрнекілігі: «Мөлдір сөздің шебері» атты кітап көрмесі, нақыл сөздер, сандық сұрақтарымен, электронды библиографиялық кітап шолуы, бүктемелер.

Елім!

Мен саған бәрінен де ұяттымын,

Сен үшін ақын болған сияқтымын.

Сен үшін тартам жырдың азабын да,

Менен де мықты ақын көп қазағымда.

Әлбетте оларменен бәсекем жоқ,

Салмағым түспес деймін аса кем боп.

Сағынғали Сейітов.

Кітапханашы: -Қайырлы күн, құрметті оқырмандар! Бүгінгі әдеби казиномызға қош келдіңіздер! Ойынымыздың тақырыбы: «Ақыннан өлмес жыр қалған». Ұлы Отан соғысының ардагері, майдангер, журналист, көрнекті ақын, сыншы, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымының кандидаты, аудармашы, көсемсөз шебері Сағынғали Сейітовтің 100 жылдығына арналады.

Сағынғали Сейітов 1917 жылы 20 қарашада Орал облысы, Ақжайық ауданы, «Өлеңті» кеңшарында туған. 1937 жылы Орал су транспорты рабфагын, 1941 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін тәмамдап, 1941-1947 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери қызметте болды.

1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанған ол соғысқа бастан-аяқ қатысты. Соғыстан кейінгі жылдары ұзақ жылдар Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің нұсқаушысы, Қазақстан Мемлекеттік көркем әдебиет баспасының директоры, Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері болып істеді. Осы институт қабырғасында жүріп «Қырық

жылда» (1974), «Әдебиеттер достығы» (1965), «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі» (1966), «Тоғысқан толқындар» (1974), «Туысқандық туғызған» (1979), «Өлең өлкесінде» (1984), «Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі» атты монографиялары мен зерттеулері арқылы ұлттық әдебиеттану ғылымына қыруар үлес қосты.

Тырнақ алдысы 1936 жылы Орал облыстық газетінде жарияланған ақын «Жолдас жүректен», «Ортақ ой», «Бетпе-бет», «Өрден өрге», «Жаңғырық», «Жолдас уақыт», «Сәулет», «Серпер», «Сеңгір», «Самғау», «Майдангер көзімен» атты жыр жинақтарымен қазақ поэзиясының қоржынын байытты.

Қызыл жұлдыз, 2 дәрежелі Отан соғысы ордендерімен қатар көп медаль таққан Сағынғали Сейітов үшін ең қымбатты белгі - Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев марапаттаған «Тәуелсіздікке 10 жыл» медалі.

Ақынды және оның шығармаларын еске ала отырып, ойнымыздың «Сейітов шығармашылығының ең үздік білімпазы» атағына кім ие болатынын анықтаймыз.

Біздің казиномызда әркім өз білімімен ақша таба алады, бірақ ақшамыз ерекше болмақ. Банкнотымыз – «бір ақыл» деп аталады. Әр дұрыс жауапқа

«Бір ақыл» беріледі. Ойынымыздың барысында «Ақылды» көп жинаған ойыншы жеңіске жетеді. Ойынымызды қазылар алқасы бақылайды.

Ойынымыз бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Сыр-сандық.
2. Жауабын кітаптан тап.

Кітапханашы:-«Сыр сандық» атты бірінші кезеңімізді бастаймыз. Сандықтың ішіне салынған сұрақтарға жауап беру керек.

1. С.Сейітов кім? (ҰОС ардагері, майдангер, журналист, көрнекті ақын, сыншы, әдебиет зерттеушісі, аудармашы)

2. С.Сейітов қай жерде, қай жылы дүниеге келді? (БҚО, Ақжайық ауданы, Өлеңті ауылы. 1917 ж.)

3. С.Сейітов қазақ педагогикалық институтына қай жылы түсті? (1937 ж.)

4. 1941 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық институтының қандай факультетін тәмамдады? (Тіл-әдебиет факультеті)

5. Майданға қай жылы аттанды? (1941 ж.)

6. С.Сейітов қай әскери академиядан дайындықтан өтті? (Харьковтегі әскери академия)

7. 39-минометтік гвардиялық жасақ құрамындағы соғыста қандай қызметке тағайындалады? (Майдан газетінің саяси тілшісі, әскери журналист қызметіне)

8. Майданда болған С.Сейітов қай жылы әскер қатарынан босады? (1947 ж.)

9. С.Сейітов қандай медальдармен марапатталған? (Қызыл жұлдыз, 2-дәрежелі Отан соғысы ордені, Н.Назарбаев марапаттаған «Тәуелсіздікке 10 жыл» медалі)

10. С.Сейітов қай жылы, қай жерде дүниеден озды? (2007 жылы, ақпан айында, Алматы қаласы)

Кітапханашы: -Осымен бірінші кезең аяқталды, келесі кезең «Жауабын кітаптан тап» деп аталады. Бұл кезең бірнеше сұрақтардан тұрады, сұрақ жауабын табуға кітаптар көмектеседі.

1. *Төрт жыл жүрдім бел шешпей*

Лаулаған өрттің өрінде.

Зұлым жаумен алысып,

Қорғадым қазақ жерін де.

Өлеңнің атауын табыңыз.

(Қорғадым қазақ жерін де).

2. Майдангер ақынның бұған дейін жарық көрген «Сеңгір» (1997), «Самғау» (2001) өлеңдер жинақтары негізінде Ұлы Отан соғысы жеңісінің 60 жылдығына арналған кітапті атаңыз. (Майдангер көзімен).

3. «Ақын сапары» атты сын-биографиялық очеркінде кім туралы сөз болады? (Тайыр Жароков).

4. «Бүкіл әлем тұр оның атын атап» атты

өлеңінде:

*Саяхаттап келген екен Оралға,
Жатқан екен қиыр-шиыр жол алда.
Жайық бойын жағалапты жаяулап,
Ойға батып отырыпты томарға,* - деп кім
туралы айтылған? (А.С.Пушкин)

5. *Өзіңізді таңдаймыз,
Өзіңізді сыйламыз.
Сізге кәміл сенеміз,
Соңыңыздан ереміз.
Сіз бастаған заманда
Нұрлы жолмен келеміз.
Сіз бастаған заманда
Көкке жетер төбеміз.*

Қай тұлғаға арналған өлең? (Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа).

6. Туған өлке туралы өлеңді оқып беріңіз.
(Ақ Жайық, Алтын бесік, Есенсай, Қаратөбе,
Сайкұдық).

7. *Мынау менің таңдамалым – «Самғауым»,
Жылдан жылға, жырды жырға жалғауым.
Мұнда – менің жүрегімнің лүпілі,
Мұнда – менің таңым, талғам, таңдауым.*

Ақынның қай жыр жинағы туралы? («Самғау»
дейтін таңдамалы жинағы 2001 жылғы қаңтардың

алғашқы күндерінде жарық көрді. Сөйтіп, ол ХХІ ғасырдың бірінші басылымдарының қатарына қосылды).

8. Әдебиетші-ғалымның туысқан халықтар әдебиетінің өзара байланысын зерттеу мәселелеріне арналған монография? (Қазақ-түрікмен әдебиетінің байланысы).

9. 1936 жылы алғашқы туындысы қай газетте жарық көрді? («Батыс Қазақстан» облыстық газеті).

10. *Биіктің де биігісің, ірісің!*

Хас батырдың, бас батырдың бірісің!

Ақындықта тайталасың жоқ сенің,

Ұрпақтардың зердесінде тірісің.

Қай батырға арнау? (Махамбет Өтемісұлы).

Кітапханашы: - Осымен екінші кезең аяқталды, екі кезеңнің қорытындысын шығару үшін сөз кезегін әділ қазыларға береміз.

Кітапханашы: - Қазақтың ақындары жер бетінде бір қазақ қалғанша жасайды. Қазақ халқы бар жерде, ақындары халқымен бірге дейді. Олай болса, ақын аға Сағынғали Сейітов мәңгілік халқының жадында.

Бір өлең-бір әлем

Ә.БИМЫРЗАЕВА,
№17 Ататүрік атындағы
мектеп-гимназиясы.
Түркістан қаласы

АҚ ОРАМАЛ

Дәстүрім бақыттың бастауы боп,
Ақ келінге ақ орамал таққызған.
Шала жанбас шырақтың жақтауы боп,
Ерте сөнбес «ертең» шамын жаққызған.

Жалау етіп жанына қуат терген,
Жақсылықтан жылы тілек, жорамалы.
Тал бесіктен тәрбиеге қуат берген,
Ғасырдайын әжелердің орамалы.

Сақтаған ата-салтын ақтан тұнық,
Адал болса, жамандық жоламады.
Қорғаған берген сертін сапта тұрып,
Уәде еткен аналардың орамалы.

Әзиз-Ана қуаныш, қайғы жасы кепкен,
Данамның дұғасы сіңіп жоғалмауың.

Енелер бар, қасиетін ұлық еткен,
Болашақ келіндердің орамалын.

Куәсі боп, жеңістердің желбіреткен,
Жұбатылды жан азабы, жаза, мұңы.
Бүгінде аппақ ниет тілеп көктен,
Ақжаулықта ұрпағымның тазалығы.

Жын-періден түндігің жабар болсаң,
Желегіңді маңдайыңа орап ал да.
Ошағыңның үмітін жағар болсаң,
Білгей жүр, береке басы-орамалда!

Баста жүрсе, жат қылыққа өзгертпеген,
Киеліні қастерлегін толы амалға.
Өңшең өткір немелердің көзі өтпеген,
Манағы айтқан кимешек, орамалға!

Тәңірінен сауға сұрап пәк тілегі,
Отан отын өшірмеген От-Ананың.
Алаш білсін, тағылым ет Аналардың,
Некедегі құдіретті орамалын!

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж** **Қуәлігі** берілген.

Басуға 05.08.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №8, 2017 ж., 144 бет, Алматы.